

2016 ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ» АҚ

Мазмұны

Қор төрағасының үндеуі	4 – 5
Қор туралы.....	6 – 7
2016 жылғы депозиттерге кепілдік беру жүйесінің дамуы	8 – 9
Жеке тұлғалардың депозиттер нарығына шолу	10 – 11
Корпоративтік басқару	12 – 15
Қатысушы банктер жарналарының сараланған мөлшерлемері жүйесі.....	16 – 17
Кепілдік берілген өтемді төлеуге арналған арнайы резерв	18 – 19
Активтерді инвестициялық басқару.....	20 – 21
Кепілдік берілген өтемді төлеуді ұйымдастыру.....	22 – 23
Мәжбүрлеп таратылатын банктердің тарату комиссияларының жұмысы	24 – 25
Тәуекелдерді басқару жүйесінің дамуы.....	26
Жұртшылықты хабардар ету	27 – 29
Әдістемелік жұмыс.....	30 – 32
Халықаралық ынтымақтастық	33 – 35
Тәуелсіз аудиторлар есебі	36 – 41

Қабылданған қысқартулар

АТМАК	ДСЖХҚ Азия – Тынық Мұхиты аймақтық комитеті
Агент-банк	Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылатын және депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйыммен жасалған келісімнің негізінде депозиторларға кепілдік берілген өтем төлеу жөніндегі рәсімдерді орындайтын банк
Қатысушы банк	Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі, депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы
ЕААК	ДСЖХҚ Еуразиялық аймақтық комитеті
Депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заң	«Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының заңы
ДСЖХҚ	Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық қауымдастығы (International Association of Deposit Insurers, IADI)
Сәйкестілікті орнату бойынша іс-шаралар	ДМКЖ қатысушы банктердегі Қордың талаптарына кепілдік берілген депозиттердің автоматтандырылған есебі бойынша деректер базасының Қордың талаптарына сәйкестігін анықтау бойынша іс-шаралар
Салық кодексі	«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексі
Ұлттық Банк	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Негізге алушы қағидаттар	Депозиттерді тиімді сақтандыру жүйесі үшін ДСЖХҚ негізге алушы қағидаттары
ЗТҰ	Заңды тұлғалар ұйымы
ДКБЖ	Қазақстан Республикасының міндетті депозиттерге кепілдік беру жүйесі
ҚДКБҚ, Қор	«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ

Қор Төрағасының үндеуі



Кұрметті ұжымдастар мен әріптестер! Өткен жылы Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорымен қатар Қазақстан Республикасының жалпы банк секторында көптеген елеулі оқиғалар болды.

Есепті жылы жеке тұлғалардың депозиттік жиынтық қоры шамамен 14,9% ұлғайды және 2016 жылдың соңында 7,9 трлн. теңгені құрады. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылы қабылданған, Қазақстанның экономикасын долларсыздандыруға бағытталған бастамаларының арқасында есепті жылы халықтың ұлттық валютадағы жинақтары артса, шетел валютасындағы жинақтарының төмендеуі байқалды. Теңгедегі депозиттердің бір жылдағы өсуі 108,2% құраса, ал шетел валютасындағы депозиттердің төмендеуі 9,7%, немесе –527,7 млрд теңгені құрады. Бұл ретте, жеке тұлғалардың ұлттық валютадағы депозиттерінің өсуі 2016 жылы 38%, 2015 жылдың соңындағы жағдай бойынша 21%, ал жеке тұлғалардың шетел валютасындағы депозиттері сәйкесінше, 79%-ға қарсы 62% құрады.

Есепті жылдың қыркүйегінде «Қазақстан Наурыз Банкі» АҚ тарату комиссиясында Қордың талаптары толық өтелді. Осыған байланысты Қор «Қазақстан Наурыз Банкі» АҚ кредиторлар комитетінің құрамындағы өзінің өкілеттігін тоқтатты.

Бұдан басқа, есепті жылдың соңындағы жағдай бойынша «Қазақстан Наурыз Банкі» АҚ тарату комиссиясына Қордың талабы 51,31%-ға өтелді немесе таратылатын банктің салымшыларына кепілдік берілген өтемді төлеу бойынша 9,418 млрд. теңгені құрады. Қордың өкілдері, тарату комиссиясының Төрағасы және Төрағаның орынбасары, сондай-ақ, «Валют-Транзит Банк» АҚ кредиторлар комитеті Төрағасының орынбасары тағайындалды. Қор өкілдері есепті жылы аталған таратылған банктің кредиторлар комитетінің 12 отырысына қатысты.

Қор есепті жыл бойы Ұлттық Банк жетекшілік ететін, ұлттық заңнаманы жетілдіру тұрғысындағы түрлі жұмыстарға белсене атсалысты, атап айтқанда, Қордың проблемалық банктердің қызметін реттеу үрдістеріне, мәжбүрлеп таратылған «Валют-Транзит Банк» АҚ проблемалық мәселелерін талқылауға, мәжбүрлеп таратылатын ДҚБЖ қатысушы банктерінің салымшыларына кепілдік берілген өтемді төлеу үшін агент-банкті таңдауға байланысты үрдістерді жетілдіруге, сондай-ақ Қордың алдында тұрған міндеттерді жүзеге асыру үшін

банк құпиясы болып саналатын деректерді Қорға қол жетімділікті ұсыну туралы мәселені реттеу жұмысына қатысты.

2016 жылы қыркүйекте ДҚБЖ қатысушы банктермен және (немесе) олардың депозиттік өнімдер бойынша серіктестерімен акциялар, лотереялар, ұтыс ойындарын ұйымдастыру және ақшалай – заттай жүлделер беруді шектеуді қарастыратын және қатысушы банктер арқылы ақшалай-заттай жүлделер беруді асыра пайдалану және сыйақы мөлшерлемесінің ең жоғарғы ұсынылған талаптарынан жанама жалтару фактілерін шектеу мақсатында Қор міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарды төлеудің көлемін және тәртібін айқындау Ережесіне өзгертулер мен қосымшалардың жобасын дайындады.

Есепті жылдың соңында Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен ҚДКБҚ ішкі нормативтік құжаттарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу бекітілді, осыған сәйкес 2017 жылдың 01 қаңтарынан бастап жеке тұлғалардың салымдары бойынша ұсынылатын ең жоғары сыйақы мөлшерлемелері, Қордың Директорлар кеңесімен бекітілген, номиналдық емес жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесіне жатқызылды.

Есепті жылдың 26 желтоқсанында Ұлттық Банк «Қазинвестбанк» АҚ төлемдер мен аударымдар операциялары бойынша шарттық міндеттемелерді жүйелі түрде тиісті орындамауына байланысты барлық банктік және өзге де операцияларды жүргізу лицензиясынан айырды. Қор аталған банктің қызметін реттеуге белсенді атсалысады: төрт өкілі банктің уақытша әкімшілігінің құрамына кіреді және кепілдік берілген депозиттер бойынша аталған банктің активтерін және міндеттемелерін тұтынушы банкке тапсыру бойынша операцияларды бір мезгілде өткізудің мүмкіндігі және тиімділігі бойынша «Қазинвестбанк» АҚ тізбесіне талдау жүргізеді. Аталған рәсімді жүргізудің тиімсіз екені дәлденіп, «Қазинвестбанк» АҚ мәжбүрлі түрде тарату туралы сот шешімі шығарылған жағдайда, Қор банктің барлық жеке тұлға салымшыларының (шамамен 8 мың адам) депозиттеріне, ағымдағы

және карт-шоттарындағы кепілдік берілген өтемді ең жоғары сомасы көлемінде төлейді.

2016 жылы Қордың Директорлар кеңесіне қаржылық тәуекелдерді басқару бойынша тоқсандық есептер, сондай-ақ Қормен өткізілген күйзеліс-тест нәтижелері шығарылды. Бұдан басқа, есепті жылы Қор қызметіндегі ақпараттық қауіпсіздік саласына бақылау және Қордың ішкі нормативтік құжаттарын жетілдіру жұмысы күшейтілді.

Қордың операциялық қызметі бойынша қаржылық есебіне қатысты, 2016 жылдың соңындағы жағдай бойынша кепілдік берілген өтемдерді төлеу үшін оның арнайы резерв көлемі, Қордың жарғылық капиталының 70% есептемегенде, 395,2 млрд. теңгені құрады, оның ішінде 205,5 млрд. теңге (шамамен 52%) қатысушы банктердің міндетті күнтізбелік жарнасы болып табылады. Қор есепті жылдың қорытындысы бойынша 15,5 млрд. теңге көлемінде жиынтық табыс алды. Қор активтерінің ағымдағы жиынтық құны есепті жылы 59,5 млрд. теңгеге ұлғайды немесе 11% жуық. Тарату өндірісінің үрдісінде екі банктің тарату комиссиясымен Қордың алдындағы жалпы сомасы 10,2 млрд. теңге шамасындағы міндеттемелер өтелді.

Қор келесі жылы IT инфрақұрылым және заңнамалық базаның нығайту жұмыстарын жалғастырады және салымшылармен есеп айырысуды оңтайландыру және банк-агенттер міндеттерін жүзеге асыру, сондай-ақ жаңа талдамалық құралдар ұсынады: Депозиттік белсенділіктің индексі және банк депозиттері бойынша бірыңғай дерекқор – банктік салымшылар үшін әзірленген депозиттік портал. Қор Ұлттық Банкпен, қатысушы банктермен, Қазақстан Қаржыгерлер Қауымдастығымен, сондай-ақ Халықаралық депозиттерге кепілдік беру жүйесімен және Халықаралық депозиттерге кепілдік беру жүйесіне кіретін шетелдік әріптестермен жан-жақты ынтымақтастықты жалғастырады.

Құрметпен,
Бақыт Қоғылов
«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Төрағасы

Қор туралы

Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры 1999 жылы қарашада экономикалық дағдарыстан соң еліміздің қаржылық тұрақтылығын қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен Ұлттық Банктің 1999 жылғы 15 қарашадағы №393 Қаулы-

сына сәйкес құрылды. Қор акционерлік қоғамның ұйымдастырушылық-құқықтық нысанында әрекет етеді, құрылтайшысы және жалғыз акционері – Ұлттық Банк. Қор коммерциялық емес ұйым болып табылады және өз акциялары бойынша дивиденттер төлемейді.

Миссиясы

– Қазақстанның қаржы жүйесінің тұрақтылығын қолдау және қатысушы банкті мәжбүрлеп таратқан жағдайда екінші деңгейдегі банктердің құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау.

Дүниетанымдық тұжырымдамасы

- Депозиттерге кепілдік берудің тиімді жүйелері үшін негізге алушы қағидаттарға сәйкес халықтың банктердегі жинақтарының сақталуына сенімділігін және жалпы еліміздегі банк жүйесіне сенімін қолдау мақсатында;
- Қазақстанның ДҚБЖ жұмысының жоғары тиімділігін қамтамасыз ету.

Стратегиялық міндеттері

- Қазақстан Республикасының қаржы секторының 2030 жылға дейінгі Даму тұжырымдамасының ережелерін (Қордың құзыреті шегінде) депозиттерге міндетті кепілдік беру саласында, әсіресе, проблемалық банктерді реттеу және жою бойынша Қордың қызметін заңды түрде бекітуді жүзеге асыру;
- мәжбүрлеп таратылатын банктің салымшыларына кепілдік берілген өтемді төлеу механизмдерін жетілдіру;
- Қордың арнайы резерв қаражаттарын тиімді басқаруды арттыру;
- Қордың тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін арттыру;
- қатысушы банктердің міндетті күнтізбелік сараланған міндеттемелер жүйесін жетілдіру;
- заңды тұлғалардың жекелеген категорияларының ағымдағы шоттарына Қордың кепілдігін тарату (шағын бизнестің әлеуметтік маңызды топтары);
- еліміздің тұрғындарын ДҚБЖ туралы хабарландыру деңгейін арттыру.

Депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес негізгі қызметтер

- депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банк мәжбүрлеп таратылған жағдайда оның депозиторларына кепілдік берілген өтемді төлеу;
- кепілдік берілген өтемді төлеуге арналған арнайы резервті қалыптастыру;
- қатысушы банкті барлық банктік операцияларын жүргізу лицензиясынан айыру кезеңінде тағайындалатын уақытша әкімшілік құрамына қатысу;
- мәжбүрлеп таратылатын банктің тарату комиссиясы және кредиторлар комитетінің құрамына қатысу;
- конкурстық негізде агент-банкті таңдау;
- депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің тізілімін жүргізу;
- меншікті активтерді инвестициялық басқару.

Қызметтің негізгі қағидалары

- жеке тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің депозиттерін қабылдауды, банк шоттарын ашуды және жүргізуді жүзеге асыратын банктердің депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысу міндеттілігі;
- депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің айқындығын қамтамасыз ету;
- ДКБЖ жұмыс істеуіне байланысты тәуекелдерді азайту;
- жеке тұлға салымшылары және жеке кәсіпкерлерге кепілдік берілген өтемді төлеу үшін жеке тұлға-салымшылары мен жеке кәсіпкерлерге арнайы резервті қалыптастырудың жинақтаушы сипаты.

Кепілдік беру объектілері және кепілдік берілген өтем

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде (соның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс жасайтын шетел банктерінің еншілес бөлімшелерінде) орналастырылған, жеке тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің барлық депозиттері, ағымдағы және карт-шоттары кепілдік беру объектілері болып табылады, ислам банктеріндегі талап етуге дейінгі пайызсыз депозиттерді және инвестициялық депозиттерді қоспағанда.

Кепілдік берілген депозиттер бойынша Қор кепілдік берілген өтемді, депозит бойынша қалдық соманы тек ұлттық валютада өтейді. Сыйақыға заңнамаға сәйкес кепілдік берілмейді (егер банк салымының шартына сәйкес сыйақыны капиталдандыру көзделсе – сыйақы кепілдік объектісі болып табылады).

Кепілдіктің ең жоғары сомасы:

- бір банк бойынша бір салымшыға, ұлттық валютадағы депозиттер бойынша он миллион теңгеге дейін;
- шетел валютасындағы депозиттер бойынша (қатысушы банкті мәжбүрлі тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күнгі қолданыстағы курс бойынша баламада) бес миллион теңгеге дейін.

Жеке тұлға салымшысының бір банкте түрі мен валютасы бойынша бірнеше кепілдік берілген депозиттері, ағымдағы және карт-шоттары бар болса, Қор жиынтық сомасы 10 миллион теңгеден аспайтын кепілдік берілген өтем төлейді.

2016 жылғы депозиттерге кепілдік беру жүйесінің дамуы

Қатысушы банк құрамындағы өзгерістер

Депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңына сәйкес уәкілетті органнан депозиттерді қабылдауға, банк шоттарын ашуға және жүргізуге лицензия алған екінші деңгейдегі банктер қатысушы банктер болып табылады.

Есепті жылы «Ситибанк Қазақстан» АҚ, «Казкоммерцбанк» АҚ және «Цеснабанк» АҚ банктерінің ДҚБЖ-де екінші деңгейдегі қатысушы банк туралы куәліктері қайта рәсімделді.

Сонымен қатар, 2016 жылы мемлекеттік қайта тіркеудің нәтижесінде:

- 2016 жылы «БанкПозитив Қазақстан» АҚ-тың (Апоалим Б.М. банкінің еншілес банкі) «EU Bank» АҚ («Еуразиялық банк» АҚ ЕБ);
- 2016 жылы наурызда «PNB-Қазақстан» ЕБ АҚ атауы «Tengri Bank» АҚ болып өзгертілді;
- 2016 жылы шілдеде «RBS (Kazakhstan)» Еншілес Банкі АҚ еншілес банкінің атауы «ЭкспоКредит Банкі» АҚ болып өзгертілді.

Қордың жоғарыда аталған жағдайлары бойынша, депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы Заңының 14-бабына сәйкес аталған банктерге ДҚБЖ қатысушысы туралы жаңартылған куәліктер берілді. Бұдан басқа, 2016 жылы келесі банктер ДҚБЖ қатарынан шығарылды:

- «EU Bank» АҚ («Еуразиялық банк» АҚ ЕБ) депозиттерді қабылдау және жеке тұлғаларға шоттар ашу және жүргізу лицензиясын уәкілетті органға өз еркімен қайтаруына байланысты;
- «Қазинвестбанк» АҚ, уәкілетті органның оны банктік және өзге де операцияларды жүргізу лицензиясынан айыруына байланысты (26 желтоқсан 2016 ж.).

Осылайша, 2016 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстанның екінші деңгейдегі 33 банкінің 32-і ДҚБЖ-не кірді («Al Hilal» Ислам Банкі» АҚ қоспағанда).

Міндетті күнтізбелік жарналардың сараланған мөлшерлемелері жүйесінің дамуы.

2016 жылы сараланған жарналардың мөлшерлерін есептеу әдістемесіне өзгертулер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы, құрамына қатысушы банктердің, Ұлттық Банктің және ҚДҚБҚ өкілдері кірген, жұмыс тобымен жүргізілген жұмыстың нәтижелері бойынша ҚДҚБҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (30.10.2016ж. №32 хаттама), міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарды төлеу мөлшерін және тәртібін анықтау ережесіне өзгертулер мен толықтырулар жобасы дайындалды.

Ережеге енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар жобасы жұмыс тобына қатысушылармен, ҚДҚБҚ Консультативтік кеңесімен және ҚДҚБҚ Дирек-

торлар кеңесінің стратегиялық жоспарлау, кадрлар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер бойынша комитетімен қаралды және мақұлданды. Ережеге өзгертулер мен толықтырулар ҚДҚБҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 28 маусымдағы (№4 хаттама) шешімімен бекітіліп, 2016 жылдың 1 маусымынан қолданысқа енгізілді.

ДҚБЖ-не қатысушы банктермен және (немесе) олардың депозиттік өнімдер бойынша серіктестерімен акциялар, лотереялар, ұтыс ойындарын ұйымдастыру және ақшалай-заттай жүлделер беруді шектеуді қарастыратын және қатысушы банктердің ақшалай-заттай жүлделер беруді асыра пайдалану және сыйақы мөлшерлемесінің макси-

малды ұсынылған талаптарынан жанама жалтару фактілерін шектеу мақсатында 2016 жылы қыркүйекте міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарды төлеу мөлшерін және тәртібін анықтау ережесіне өзгертулер мен қосымшалар жобасы дайындалды. Аталған жоба Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен 2016 жылы 5 қазанда (№6 хаттама) бекітілді. Енді қатысушы банктердің және (немесе) олардың серіктестерінің ақшалай-заттай жүлделерін салымшыға немесе оның тапсырысы бойынша үшінші тұлғаларға беру факті Қормен анықталған жағдайда, лотереялар, ұтыс ойындарын ұйымдастыру және (немесе) ақшалай-заттай жүлделер беру туралы акцияларды ұйымдастыру факті тәрізді, Қордың міндетті күнтізбелік жарналарының сараланған мөлшерлемелер жүйесі көлемінде сапалы көрсеткіштердің бірі Q-4 есебіне

сәйкес, ақшалай-заттай жүлделер беру қарастырылған осындай акциялар жүргізілген есептік тоқсандар кезеңінде аталған қатысушы банк «S» арнайы жіктеу тобына өткізіледі.

Сонымен қатар 2016 жылдың соңында ҚДКБҚ Директорлар кеңесінің шешімімен ҚДКБҚ-ның ішкі нормативтік құжаттарына өзгертулер мен толықтырулар бекітілді, осыған сәйкес 2017 жылғы 01 қаңтардан бастап, ҚДКБҚ Директорлар кеңесімен бекітілген және қатысушы банктерге ұсынылған, жеке тұлғалардың салымдары бойынша сыйақы мөлшерлемелері номиналдық емес жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемелеріне жататын болды.

Аталған өзгертулер жеке тұлғалардың депозиттер нарығын реттеу тиімділігін арттыруға және екінші деңгейдегі банктердің арасындағы бәсекелестіктің әділетті болуына жағдай жасайды деп күтілуде.

Тәуекелдерді басқару

- Қордың Директорлар кеңесінің жанында тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша Комитет жұмыс атқарады. 2016 жылы тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша Қордың екі отырысы өтті.
- Қордың ұйымдастырушылық құрылымында риск-менеджер штат бірлігі бар, сондай-ақ Ішкі аудит қызметі толық жұмыс етеді.
- ҚДКБҚ тұрақты басқару есебін дайындау тәжірибесі енгізілген. 2016 жылы Қордың Директорлар кеңесінің қарауына қаржылық тәуекелдерді басқару бойынша тоқсан сайынғы есептер, сондай-ақ Қормен өткізілген күйзеліс-тестердің нәтижесі шығарылды.
- Есепті жылы Қордың тәуекелдігін басқару жүйесіндегі келесі жетілдіру жұмыстары жүргізілді:

- Қор қызметінің ақпараттық қауіпсіздік саласында бақылау күшейтілді;
- Ішкі нормативтік құжаттарды жетілдіру жұмысы күшейтілді;
- «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ тәуекелдерді басқаруды ұйымдастыру ережелері жаңа редакцияда бекітілді;
- «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Тәуекелдерді бағалау Әдістемесі әзірленді және бекітілді;
- «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-да ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін бағалау әзірленді және бекітілді.

Жеке тұлғалардың депозиттер нарығына шолу


Колданыстағы заңнама ислам банктерін санамағанда, жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдауға, ашуға және қабылдауға, банк шоттарын жүргізуге лицензия алған банктердің ДҚБЖ-не міндетті қатысуын қарастырады.

2017 жылдың 01 қаңтарындағы жағдайға сәйкес, ДҚБЖ құрамына «Al Hilal» Ислам Банкі» АҚ қоспағанда, екінші деңгейдегі 32 банк кірді. Есепті жылдың үшінші тоқсанында ДҚБЖ-нен «EU Bank» АҚ («Еуразиялық банк» АҚ ЕБ) өз еркімен қайта құру арқылы «Евразиялық банк» АҚ қосылу аясында, банктік және басқа да операцияларды жүргізуге берілген лицензияны өз еркімен қайтаруына байланысты шықты. Сонымен қатар, 2016 жылдың 26 желтоқсанында Ұлттық Банк Басқармасы шешімімен «Қазинвестбанк» АҚ 2016 жыл-

дың 27 желтоқсанынан бастап банктік және басқа да операцияларды жүзеге асыру лицензиясынан айырылды. Осыған байланысты банк көрсетіліп отырған қатысушы банктер тізбесінен шығарылды.

2017 жылдың 01 қаңтарындағы жағдайға сәйкес қатысушы банктер жеке тұлғалар депозиттерінің сомасы 7,9 трлн.теңгені құрады, сонымен қатар жеке тұлғалардың депозиттік жиынтық қоры жыл басына қарағанда 1 трлн.теңгеге немесе 14,9% өсті. Есепті жылы жеке тұлғалардың ұлттық валютадағы жинақтарының артуы және шетел валютасындағы жинақтарының төмендеуі байқалды. Ұлттық валютамыз теңгедегі депозиттердің артуы 108,2% немесе +1 550,4 млрд.теңгені құраса, ал, шетел валютасындағы депозиттердің кемуі 9,7% немесе -527,7 млрд. теңгені құрады. Жеке тұлғалар депозиттерінің ұлттық валютадағы үлесі 2016 жылдың

Жеке тұлғалардың теңгеде және шетел валютасындағы депозиттерінің өзгеру динамикасы




соңында 38% құрады, ал 2015 жылдың соңында 21%. Жеке тұлғалар депозиттерінің шетел валюта-сындағы үлесі 2016 жылдың соңында, 2015 жылдың аяғындағы 79%-бен салыстырғанда, 62% құрады.


2016 жылдың қорытындысы бойынша жеке тұлғалардың депозиттері көлемі бойынша көшбасшылар бестігіне: барлық қатысушы банктер депозитінің жалпы үлесі 20,7% және жылдық жеке тұлғалар депозиттерінің артуы 215,8 млрд. теңгені немесе

+15,2% құрайтын «Қазақстан Халық Банкі» АҚ кірді; нарықтағы жалпы үлесі 17,6% (-36,4 млрд.теңгені немесе -2,5%) құрайтын «Қазкоммерцбанк» АҚ кірді; нарықтағы жалпы үлесі 9,3% (+89,5 млрд.теңгені немесе +13,8%) құрайтын «Kaspi Bank» АҚ кірді; нарықтағы жалпы үлесі 8,6% (+174,3 млрд.теңгені немесе 34,5%) құрайтын «Цеснабанк» АҚ кірді және көшбасшылар бестігін нарықтағы жалпы үлесі 7,9% (+131,0 млрд.теңгені немесе 26,5%) құрайтын «Жинақ банкі» АҚ ЕБ аяқтайды.

2017 жылдың 01 қаңтарындағы негізгі категориялар бойынша жеке тұлғалар депозиттерінің құрылымы



- Т5 млн.ға дейінгі жедел әрі шартты салымдар
- Т5 млн.нан T10 млн.ға дейінгі жедел әрі шартты салымдар
- T10 млн.нан T15 млн.ға дейінгі жедел әрі шартты салымдар
- T15 млн.нан астам жедел әрі шартты салымдар
- Талап етілгенге дейінгі салымдар
- Ағымдағы және карт-шоттар



- Жедел әрі шартты салымдар
- Талап етілгенге дейінгі салымдар
- Ағымдағы және карт-шоттар

2017 жылғы 01 қаңтардағы қатысушы банктердің мәліметтеріне сәйкес жеке тұлғалардың депозиттері бойынша тұрғындар салымдарының құрылымындағы ең үлкен үлесті сомасы 7,1 трлн.теңгені құрайтын 90,0% үлесі бар, жыл бойына 821,0 млрд.теңгені немесе 13,1% артқан мерзімді және шартты салымдар құрайды. Содан соң жиынтық депозит қоржынындағы үлесі 9,8% және жылдық өсімі 201,9 млрд теңгені құрайтын ағымдағы және карт-шоттардағы ақша қалдықтары орналасады. Талап етілгенге дейінгі сомасы жалпы депозиттер көлемінің 0,2% құрайды, есептік жылда олардың сомасы 253,2 млн. теңгеге кеміді.

Жеке тұлғалар депозиті базасының артуы ең алдымен ұлттық валютадағы 15 млн. теңгеден астам ірі мерзімді салымдардың 574,5 млрд.теңгеге артуымен (5 есеге жуық) түсіндіріледі. Сонымен қатар, 15 млн. теңгеден асатын ірі мерзімді салымдардың жылдық артуы 289,5 млрд. теңгені (7,3%) құрады осы салымдардың шетел валютасында 285,0 млрд.теңгеге кемюінің арқасында 5 млн.теңгеге дейінгі мерзімді салымдардың артуы 388,1 млрд.теңгені (28,2%), 5-тен 10 млн-ға дейінгі – 98,2 млрд.теңгені (15,2%), 10-нан 15 млн-ға дейінгі – 45,2 млрд.теңгені (14,6%) құрады.

Корпоративтік басқару

Қордың құрылтайшысы, жалғыз акционері және жоғарғы органы Ұлттық Банк болып табылады.

Жарғыға сәйкес, Акционердің құзыреттілігіне жатқызылған барлық мәселелер бойынша шешімдерді Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары Пірматов Ғалымжан Олжаұлы қабылдайды.

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың Директорлар кеңесінің құрамы үш мүшесінен, соның ішінде тәуелсіз директор мен Қордың Төрағасынан тұрды. ҚДКБҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы Ұлттық Банк Төрағасының Орынбасары Смоляков Олег Александрович.

Директорлар кеңесі (2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша)

Олег Смоляков

Қордың Директорлар кеңесінің Төрағасы, Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары

Бақыт Қоғылов

ҚДКБҚ Төрағасы

Мағжан Әуезов

Тәуелсіз директор, «Қазақстан Қаржыгерлер Қауымдастығы» ЗТБ Кеңес төрағасы

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚДКБҚ Директорлар кеңесінде стратегиялық жоспарлау, тәуекелдерді басқару, ішкі аудитті, кадрларды, сыйақылар мен әлеуметтік сұрақтар бойынша Комитет құрылып, жұмыс жасауда.

2016 жылы Қор Директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуымен, екі тікелей және он сырттай дауыс беру арқылы он екі мәжіліс өткізілді.

2016 жылғы Қор Директорлар кеңесінің қызметтерінің қорытындылары

- Қор Директорлар кеңесінің комитеттері туралы Ережелерге өзгертулер мен қосымшалар бекітілді.
- Жеке тұлғалардың депозиттерін қайта жұмылдыру бойынша сыйақының ең жоғары ұсынылатын мөлшерлемелері бекітілді (2 рет).
- Қор Директорлар кеңесінің шешімдері туралы ақпаратты ашу Ережелері бекітілді.
- Қор Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген қосылу Шартына өзгертулер мен қосымшалар бекітілді (2006 жылғы 30 қазандағы №32 хаттама).
- Қор Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарды төлеу тәртібі мен көлемін анықтау Ережелеріне өзгертулер мен қосымшалар бекітілді (2006 жылғы 30 қазандағы №32 хаттама).
- Қордың жаңа логотипі мен брендбүгі бекітілді.
- 2017 жылғы Қордың арнайы резервінің мақсатты деңгейі бекітілді.
- Қордың Инвестициялық стратегиясына және Инвестициялық саясатына өзгертулер бекітілді.
- ҚДКБҚ тәуекелдерді басқару ұйымының ережелеріне, ҚДКБҚ-дағы тәуекелдерді бағалау әдісі мен Қордағы ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерді бағалау әдістері бекітілді.
- Қатысушы банктермен сақтауға ұсынылатын жеке тұлғалардың депозиттері бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемелерінің реттеуіне ауысу мақсатында ҚДКБҚ ішкі құжаттарына өзгертулер мен қосымшалар енгізілді.
- ҚДКБҚ қаражаттарының бизнес-жоспарын (жылдық бюджетін) жасау, бекіту және қолдану туралы Ережелері бекітілді.

- Қор қызметкерлеріне сыйақы беру Ережелеріне өзгертулер мен қосымшалар бекітілді.
- ҚДКБҚ қызметкерлеріне еңбекақыны төлеу Ережелеріне өзгертулер мен қосымшалар бекітілді.
- Қордың 2012–2016 жылдарына арналған даму жоспарына түзету, 2016 жылдың жоспарлы кезеңі-

не ҚДКБҚ 2012–2016 жылдарына арналған даму жоспарының орындалуы бекітілді.

- 2017–2019 жылдардағы Қор дамуының бағыттары бекітілді.

Консультативтік кеңес

Консультативтік кеңес – қатысушы банктердің мүдделерін қорғайтын және олардың өкілдерінен құрылған Қордың алқалы консультативті-кеңес беруші органы.

Қордың Консультативтік кеңесінің негізгі міндеттері:

- депозиттерге кепілдік беру жүйесін жетілдірудің негізгі бағыттары бойынша ұсыныстарды қатысушы банк пікірлерін қоса алып дайындау және қарау;
- Қосылу шартына, Міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарды төлеу мөлшерін және тәртібін анықтау ережесіне және Қордың басқа актілеріне өзгерістер мен толықтырулардың жобаларын Қор Директорлар кеңесіне ұсынбас бұрын алдын-ала қарау;
- Қосылу Шартының шегінде қатысушы банк өз міндеттерін орындау кезінде ықтимал түсінбеушілік-

тер, дәлсіздіктер және қайшылықтар бойынша ұсыныстарды әзірлеу;

- Қосылу Шартында қарастырылған қатысушы банктер, соның ішінде салымдар мен айыппұлдарды төлеу бойынша өз міндеттерін орындамауы ықтимал болатын жағдайлардың алдын алу бойынша ұсыныстарды енгізу;

Қор Консультативтік кеңесінің мүшелері ДКБЖ қатысушы банктердің жалпы жиналысында жыл сайын сайланады.

Қор Консультативтік кеңесінің төрағасы Консультативтік кеңес мүшелері арасынан жыл сайын сайланады. 2016 жылы Консультативтік кеңес Төрағасының міндетін «Қазақстанның Халық Банкі» АҚ өкілі атқарды.

2016 жылғы Қордың Консультативтік кеңесінің құрамы

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Консультативтік кеңес құрамы:

Меруерт Карджанова – Консультативтік кеңес төрайымы, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Бөлшек сауда бизнесі бойынша Басқарма төрағасының орынбасары

Татьяна Белова – «ForteBank» АҚ Бөлшек сауда бизнесін дамыту департаментінің директоры

Ирина Степанова – «Bank RBK» АҚ Басқарушы директоры

Госсар Бертран Жан Эммануэль – «Еуразиялық банк» АҚ Басқарушы директор, Бөлшек сауда бизнесі стратегиясы департаментінің директоры

Ержан Асылбек – «Банк ЦентрКредит» АҚ Жоспарлау және қаражат департаментінің директоры

Нұрлан Жагипаров – «Қазкоммерцбанк» АҚ Басқарушы директоры

Мадина Абдулина – «Цеснабанк» АҚ Басқарушы директоры

Алексей Акимов – «Жинақ Банкі» АҚ ЕБ Бөлшек сауда бизнесі бойынша Басқарма төрағасының орынбасары

Сергей Коваленко – «АТФ Банк» АҚ Орындаушы директоры

Андрей Дю – «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ Бөлшек сауда бизнесі департаментінің директоры

Қордың Консультативтік кеңесінің бақылаушылары:

Перизат Абдрешева – «Kaspi Bank» АҚ Экономикалық талдау және жоспарлау департаментінің Талдау және үлгілеу бөлімінің басшысы

Данияр Аринов – «DeltaBank» АҚ Қаржы департаментінің директоры

2016 жылғы Қордың Консультативтік кеңес қызметінің қорытындылары

2016 жылы Қордың Консультативтік кеңесінің бес отырысы өткізілді, онда төмендегі негізгі мәселелер қарастырылды:

1. «қайта жұмылдырылған депозит» терминін анықтау бөлігінде міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше салымдарды төлеу тәртібі мен мөлшерлерін анықтау Ережелеріне өзгертулер мен қосымшалар енгізілді;
2. Қосылу Шартымен белгіленген кепілдік берілген депозиттерді бірыңғай талаптар бойынша орнатылған тәртіп бойынша қатысушы банктердің автоматтандырылған базасын сәйкестікке келтіру бойынша іс-шаралар жүргізу мәселесі бойынша Қосылу шартының бөлігіне өзгерістер енгізілді;
3. Қордың Консультативтік кеңес мүшелері – банктердің жеке тұлғалардың жаңадан жұмылдырылған депозиттері бойынша шетел валютсындағы (2%) ең жоғары ұсынылатын сыйақы мөлшерлемесін жылдық 12% дейін арттыруды өзгеріссіз қалдырып, жеке тұлғалардың жаңадан жұмылдырылған депозиттері бойынша теңгеде ең жоғары ұсынылатын сыйақы мөлшерлемесін жылдық 12% дейін арттыруды қайта қарау (кеміту) туралы ұсыныстарды қарастыру;

4. Қосылу Шартының бірыңғай талаптарының кепілдік берілген депозиттері бойынша қатысушылардың автоматтандырылған базасын сәйкестікке келтіру бойынша іс-шараларды жүргізу кезінде Қормен анықталған (анықталып жатқан), қатысушы банктің жалпы депозит базасының қателіктер санын (пайызда) бекіту туралы сұрақты талқылау.

Қор Директорлар кеңесі өз күн тәртібіндегі сұрақтарды қарастыру кезінде Консультативтік кеңес мүшелерінің пікірлерін есепке алады.

2016 жылы Қордың Консультативтік кеңесі жаңынан қатысушы банктердің сараланған салым жарнасының есептеу әдісін жетілдіру бойынша жұмыс тобы қызмет етті. Жоғарыда аталған Ұлттық Банктің, қатысушы банктер мен ҚДҚБҚ енген жұмыс тобы қызметінің аясында ҚДҚБҚ Консультативтік кеңеске міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше салымдардың төлену тәртібі мен мөлшерін анықтау, жарналарды анықтау мен саралау әдісін жетілдіру бөлігіндегі Ережелерге өзгертулер мен қосымшалар жобасы әзірленіп, қарауға ұсынылды.



Қатысушы банктер жарналарының сараланған мөлшерлемелері жүйесі

Қордың міндетті күнтізбелік жарналардың сараланған мөлшерлемелер жүйесі қолданысқа 2007 жылы енгізілді.

Қолданыстағы жүйе тәуекелдерді бағалауда құрамдастырылған тәсілмен сипатталады: барынша мүмкін болатын жалпы жинақ ұпайлардың 70%-ын сандық көрсеткіштер, ал 30% – сапалық көрсеткіштерін құрады. Сандық және сапалық көрсеткіштерді құрамдастырудың артықшылығы олар банктердің тәуекелдері құрылымын бағалаудың тиімді және кешенді тәсілі болып табылады және қолда бар ақпараттың кең ауқымын пайдаланады.

Берілген көрсеткіш деректері есептеулерінің нәтижесі бойынша тоқсан сайын әр қатысушы банк бойынша жалпы жинақ ұпай саны есептеледі. Иеленген жалпы жинақ ұпай мағынасына байланысты қатысушы банк бір жіктеу тобына жатады, әр қайсысына міндетті күнтізбелік төлем жарнасы сәйкес келеді. Осылайша, қаржылық тұрақсыздық деңгейі қаншалықты жоғары болса, оның күнтізбелік төлемінің жарнасы соншалықты жоғары болады.

Қатысушы банктердің ұсыныстары мен ескертулерін, сондай-ақ отандық банк секторындағы, банктік заңнамадағы және реттеуші органның бекіткен есептілік нысандарындағы өзгерістерді ескере отырып, Қор әрдайым жарналардың сараланған мөлшерлемелерін есептеу әдістемесін жетілдіріп отырады.

Есепті жылы құрамына қатысушы банктердің, Ұлттық Банктің және Қор өкілдері енген жұмыс тобының жарналардың сараланған мөлшерлемелерінің есептеу әдістемесіне өзгерістер және (немесе) қосымшалар енгізу бойынша жүргізілген жұмыстың қорытындылары бойынша Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен (30.10.2016ж. №32 хаттама) міндетті күнтізбелік, қосымша және

төтенше жарналарды төлеу мөлшерін мен тәртібін анықтау ережелеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу жобасы әзірленді.

Өзгертулер мен қосымшалар:

- Ұлттық Банктің капиталдың жеткіліктілігіне байланысты капиталдың жеткіліктілігі шегі мәндерінің бөлігінде;
- жұмыс жасамайтын, мерзімдері өткен төлемдері бар кредиттер (NPL) негізінде, сондай-ақ А-3 (енді таза (нетто) активтер негізінде есептеледі) формуласында активтердің сапасы бойынша А-1 және А-2 көрсеткіштері өзгертілді;
- активтердің шоғырлану көрсеткіштері бойынша өзгерістер А1-1 индикаторын есептеу формуласына енгізілді (индикатор есебінде бір саладағы шоғырландырылған несиелер сомасы МК 50%-дан астам есепке алынады);
- кірістілік тобы бойынша өзгерістер Е-1 және Е-2 индикаторлары бойынша таза пайданы есептеу үшін мәліметтер дереккөзінде жасалды, енді табыс «кірістілік» пен «шығындар» топтарының айырмасы ретінде есептеледі;
- Е-3 және Е-4 индикаторлары бойынша корреспонденттік шоттар және осы шоттар бойынша сыйақылар алумен байланысты пайыздық кірістер мен шығындарды есепке алатын шоттар шығарылды, сонымен бірге көрсетілген индикаторлардың шектік мәндері өзгертілді;
- өтімділік көрсеткіштері бойынша L-2 индикаторы пруденциалды нормативтерден ағымдағы өтімділік коэффициентінің нақты мәніне өзгертілді;
- Q-3 сапалық индикаторы бойынша (қатысушы банктерге халықаралық рейтингтік агенттіктермен тағайындалатын рейтингтер): Fitch агенттігінің рейтингтер шкаласы қолданыстағы шкалаға сәйкес келтірілді;

- «Менеджмент сапасы» көрсеткіштері бойынша Q5-2 индикаторын бағалау тәсілі өзгертілді: енді балды санау кезінде қатысушы банктің Басқарма және (немесе) Директорлар кеңесінің төрағасының ауысуы және (немесе) Басқарма және (немесе) Директорлар кеңесінің құрамының 1/3 бөлігінің ауысуы банк қызметіне төрағалардың ауысуы және (немесе) Басқарма және Директорлар кеңесінің құрамы өзгергеннен кейінгі кезекті он екі айдың ішінде теріс әсерін тигізбеуі фактілерінің болмауы тексеріледі.

Банк қызметіне теріс әсер тигізетін белгілер ретінде төмендегі көрсеткіштердің өзгерісі қарастырылады:

- халықаралық бір немесе бірнеше рейтинг агенттігімен тағайындаған рейтингінің төмендеуі;
- қатысушы банктің меншік капиталының нарық бойынша орташа меншік капиталының теріс өзгерісінен төмен болуы;
- қатысушы банктің бөлінбеген таза пайдасының нарық бойынша орташа бөлінбеген таза пайдасының теріс өзгерісінен төмен болуы;
- қатысушы банктің К-4, К4-1, К4-2, К4-3 мерзімді өтімділік көрсеткіштерінің нарық бойынша орташа мерзімді өтімділік көрсеткіштерінен К-4, К4-1, К4-2, К4-3 төмен болуы,
- NPL деңгейінің нарық бойынша NPL-дің оң өзгерістерінің орташа мәнінен жоғары шамаға өзгеруі.

Түзетулер жобасы жұмыс тобының қатысушыларымен, Қордың Консультативтік кеңесімен және стратегиялық жоспарлау, ішкі аудит, кадрлар, сый-ақылар және әлеуметтік сұрақтар бойынша Қордың Директорлар кеңесінің комитетімен қаралып, мақұлданды. Өзгертулер мен қосымшалар Қордың Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 28 маусымдағы (№4 хаттама) шешімімен бекітіліп, 2016 жылғы 01 маусымынан қолданысқа енгізілді.

2017 жылы енгізілген өзгертулер мен қосымшаларды ескере отырып, «БАТА» ақпараттық жүйесінің бейімделуін жүргізу жоспарланып отыр.

Негізгі қаржылық көрсеткіштерге негізделген және тоқсандық жарналарының тиісті мөлшерлемелерін анықтайтын «БАТА» міндетті күнтізбелік жарналардың сараланған мөлшерлемерін есептеу жүйесіне сәйкес, есепті жылы:

- 10 қатысушы банк өздерінің жағдайларын жақсартып, тоқсандық жарналарының мөлшерлемесі төмен топтарға өтті;
- 8 қатысушы банк өз позицияларының төмендеуіне байланысты тоқсандық жарналарының мөлшерлемесі жоғары топқа ауысты;
- 14 қатысушы банк өздерінің бұрынғы позицияларын сақтап қалды.


Қатысушы банктердің міндетті күнтізбелік жарналарының мөлшерлемелері

Классификационная группа	A	B	C	D	E	S
Қатысушы банктің күнтізбелік жарнасының мөлшерлемесі (қатысушы банктегі жеке тұлғалардың барлық депозиттер сомасының %)	0,04	0,08	0,11	0,19	0,38	0,5

2016 жылғы 4 тоқсан қорытындысы бойынша қатысушы банктер «БАТА» міндетті күнтізбелік жарналардың сараланған мөлшерлемелерін есептеу жүйесінің жіктеу топтарында келесідей орналасты:

«А» тобының үлесі 6,1% (2 банк), «В» тобының үлесі – 24,2% (8 банк), «С» тобының үлесі – 57,6% (19 банк), «D» тобының үлесі – 12,1% (4 банк), ал «Е» және «S» топтарының үлесі 0% құрады.

ДКЖ-не қатысушы банктердің «БАТА» жүйесінің жіктеу топтарында орналасуы



Кепілдік берілген өтемді төлеуге арналған арнайы резерв

Мәжбүрлеп таратылатын банктің жеке-тұлға салымшыларына кепілдік берілген өтемді төлеу, сонымен қатар берілетін активтердің көлемі арасындағы айырма және проблемалық банк міндеттерін ауқатты банкке ауыстыру P&A операциясы аясында жинақтық негізде жинақталатын Қордың арнайы резервінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Мәжбүрлеп тарату кезіндегі барлық сақтандырылған банк салымшыларына кепілдік берілген өтемді төлеу үшін Қордың арнайы резервінің қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда ұлттық заңнама Қордың арнайы резервін сақтандыру жағдайы орын алған соң, қаржыландыруының шараларын қарастырады, олардың ішінде қатысушы банктерден қосымша төлемдерді өндіру, Ұлттық Банктегі Қордың арнайы резервінің жоқтығын жабу үшін жеткіліксіз қарыз, сонымен қатар Ұлттық Банк шешімі бойынша мәжбүрлеп таратылатын банк салымшаларына кепілдік берілген өтемдердің жарғылық капиталының 70% (депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы Заңға сәйкес) артуымен оның жалғыз Акционері – Ұлттық Банктің шешімі бойынша Қордың қосымша капиталдандыруына бағытталуы мүмкін.

Заңнамаға сәйкес Қордың арнайы резерві кепілдік берілген өтемді төлеуді жүзеге асыру үшін келесі шектеуде және есебінен құрылады:

- жарғылық капитал мөлшерінен 70% шегіндегі Қор шығындарынан;
- қатысушы банктердің жарналарынан;
- Қосылу келісімшарты бойынша өз міндеттерін орындамағаны және тиісті орындамағаны үшін қатысушы банктерге қолданылатын тұрақсыздық айыбынан;
- кепілдік берілген өтемнің төленген сомасы бойынша Қор талаптарының қатысушы банктердің

қанағаттанған мәжбүрлеп тарату тәртібі бойынша алынған ақшадан;

- Қордың арнайы резерві активтерін орналастырудан алынған кірістен;
- ҚДҚБҚ жарғысымен қарастырылған тәртіпте шығындар мен аударымдар сомасына кемітілген Қордың меншікті активтерін орналастырудың кірісінен.

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың арнайы резерві 395,2 млрд. тенге мөлшерін құрады (Қордың жарғылық капиталының сомасын есептемегенде).

Есепті кезеңнің басымен салыстырғанда 2016 жылдың соңында салымдар 35,4 млрд. тенгеден 205,5 млрд тенгеге дейін артты.

Арнайы қорға салынған Қордың таза кірісі 75,7 млрд тенгеге артты және оның Қордағы арнайы қорының құрылымындағы бөлігі 2015 жылдың соңындағы 22,8% салыстырғанда 34,7% құрады. Төлемдердің сомасы және «Қазақстан Наурыз Банкі» АҚ, «Валют-Транзит Банк» АҚ таратушы комиссиясынан кепілдік берілген өтемді төлеу бойынша берешекті өтеу 697,6 млн. тенгеге өсіп, 10,2 млрд тенгені құрады.

2016 жылғы желтоқсанда Акционердің шешімімен арнайы резерв Қордың шығындары есебінде 13,4 млрд. тенгеге өсті. 2016 жылы Ұлттық Банк Қордың жарғылық капиталының теңгерімін 214,4 млрд. тенгеге дейін 10%-ға арттырды.


Қордың арнайы резервінің жетіспеушілігі пайда болған жағдайда салымшыларға кепілдік берілген өтемді төлеуге бағытталған Қордың жарғылық капиталының максималды жиынтығын (оның жиынтық қосындысынан 70%) есепке алу арқылы Қордың арнайы резервінің жиынтық қосындысы 2016 ж. соңындағы жағдай бойынша 502,9 млрд. тенгені құрады.

Қордың арнайы резервінің мақсатты деңгейін және мөлшерін анықтау және бекіту әдістемесі

Депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңға сәйкес, ҚДКБҚ-ның арнайы резервінің мақсатты деңгейі қатысушы банктердегі бүкіл кепілдік берілген депозиттер сомасының 5% кем болмауы керек.

2016 жылы Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен (2014 жылғы 25 желтоқсандағы №6 хаттама) бекітілген Қордың арнайы резервінің мақсатты деңгейін және мөлшерін анықтау және бекіту әдістемесіне сәйкес 2017 жылға арнайы резервтің мақсатты деңгейі мен мөлшерінің болжамды көрсеткіштері бекіту бойынша барлық қа-

жетті есептеулер жүргізілді. Осы сұрақ Қордың Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылды. 2016 жылғы 05 желтоқсандағы Қордың Директорлар кеңесі отырысының №6 хаттамасымен Қордың арнайы резервінің 2017 жылға мақсатты деңгейін 6,3% мөлшерде бекіту туралы шешім қабылданды. 2016 жылғы арнайы резервтің нақты деңгейі жарғылық капиталдың 70% ескермегенде 5,0% құрады, ал Қордың жарғылық капиталының 70% қосқанда 6,4% құрады (арнайы резервтің мақсатты деңгейінен 0,1% жоғары).



Активтерді инвестициялық басқару

Қордың меншікті активтерін инвестициялық басқару бойынша стратегия сипаты консерваторлық түрінде анықталуы мүмкін. Қор өз активтерін басқаруда үш қағиданы ұстанады: активтердің сақталуы, қаржы шығындары тәуекелін төмендету және инвестициялар табысын арттыру.

Активтерді сенімді басқару Ұлттық Банкпен жүзеге асырылады, ал Қор мен Ұлттық Банк арасындағы тиісті қарым-қатынастар сенімді басқару шартымен реттеледі.

Қордың инвестициялық саясаты оның Директорлар кеңесі шешімімен бекітілген (2014 жылғы 27 қарашадағы № 5 хаттама) және жоспарланған кіріске қол жеткізу, шығындар тәуекелін төмендету мен Қор инвестицияларының өтімділігін қамту мақсатында активтерді инвестициялау шарттарын анықтайтын құжат болып табылады.

2014 жылғы 01 қаңтардан бастап Қор меншікті активтер мен арнайы резерв активтерінің бөлек есебін жүргізеді:


- меншікті активтерінің инвестициялық қоржыны – Қордың жарғылық капитал қаражаты есебінен;
- Қордың арнайы резерв активтерінің қоржыны.
- Қордың меншікті активтерінің қоржыны ішкі нарықта қаржы құралдардан тек ұлттық валютада қалыптасады. Арнайы резервтің активтері ұлттық және шетел валюталарда келесі бөлу шегінде орналастырылады:

1. шетел валютадасындағы қаржы құралдары: арнайы резервтің қоржыны активінен минималды үлесі – 25%, максималды үлесі – 45%

2. ұлттық валютадағы қаржы құралдары: арнайы резервтің қоржыны активінен минималды үлесі – 55%, максималды үлесі – 75%.

2016 жылғы қазан айында Қорға теңгеге инвестициялауға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізімі Минималды кредитті «А» рейтингімен халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздық міндеттемелерге (құнды қағаздарға) қосылды. Осыған орай, сенімді басқарушы Қор активтерінің бір бөлігін олар бойынша сыйақы беру мөлшерлемесі Қазақстан Республикасындағы құнсыздану деңгейіне бекітілген, ал бұл акциялардың эмитенті ретінде Еуропа қайта құру және даму банкі болатын, 68 млрд. теңге көлемінде теңгемен номиналданған еврооблигацияға салды. Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша Қор активтерінің құны 583,7 млрд. теңгені құрады және өткен жылғы осыған ұқсас кезеңге қарағанда 11,4% (59,5 млрд. теңге) артты.

Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша Қор активтерінің құны 583,7 млрд. теңгені құрады (өткен жылғы осыған ұқсас кезеңге қарағанда 11,4% (59,5 млрд. теңгеге) артты). Есепті жыл бойы ұлттық валютаның АҚШ долларына қарағанда күшеюіне байланысты, Қордың активтерін инвестициялаудан, бағам айырмасынан алынған кіріс, 2016 жылғы кіріс құрылымында анықталған жоқ, бұл ретте Қордың теңгеге айналдырылған құнды қағаздары бойын-



ша инвестициялық кіріс үлесі 59,3%, ал Қордың АҚШ долларына айналдырылған құнды қағаздары бойынша инвестициялық кірісі 2,5% құрады. Бұдан басқа, 2016 жылы Қор активтерінің қомақты бөлігі Ұлттық Банктің депозиттерінде сақталды, осыған байланысты депозиттер бойынша сыйақы үлесі 38,2% құрады.

Ұлттық валютада Қордың меншікті активтері мен арнайы резервтің активтерін инвестициялауға рұқсат етілген қаржы құралдары:

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік құнды қағаздары;
- биржалық және биржалық емес нарықта кері РЕПО операциялары (қамтамасыздандыруда тек Қазақстан Республикасының мемлекеттік құнды қағаздары ғана алынады);
- Ұлттық Банкте орналастырылған депозиттер;
- «А-» минималды кредитті рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарының қарыз міндеттері (облигациялар);
- Ұлттық компаниялармен, Ұлттық басқарушы холдингтермен шығарылған құнды қағаздар (бір эмитентке меншікті активтердің қоржынының 10% шегінде, меншікті активтердің қоржынының 30% артық емес).
- Шетел валютасындағы Қордың арнайы резервтің активтерін инвестициялауға рұқсат берілген қаржы құралдары;
- 5 жылға дейінгі жүгіну мерзімімен АҚШ Үкіметінің


құнды қағаздары (Қордың арнайы резерві активтерінің қоржынының 70%-дан 100%-ға дейін);

- егеменді облигациялар, халықаралық қаржы ұйымдарының қарыз міндеттері;
- «А+»/«А2» минималды кредитті рейтингімен мемлекеттік емес эмитенттердің құнды қағаздары (бір эмитентке меншікті активтердің қоржынының 10% шегінде, меншікті активтердің қоржынының 30% артық емес);
- «А+»/«А1» төмен емес кредитті рейтингілерімен резидент емес банктердегі депозиттер (бір жылдан артық емес жүгіну мерзімі бар салымдар).

Есепті кезеңнің соңында Қордың инвестициялық активтерінің құны 567,3 млрд. теңгені құрады (Қордың барлық активтерінің 97%), олардың ішінде арнайы резервтің қоржыны – 382,2 млрд. теңге, Қордың меншікті активтерінің қоржыны – 185,1 млрд. теңге. 2016 ж. қорытындысы бойынша инвестициялық кіріс 30,7 млрд. теңгені құрады, сондай-ақ, арнайы резерв қоржынының кірісі 15,4 млрд. теңгені құрады, меншікті активтер қоржынының кірісі 15,3 млрд. теңге. Қаржы құралдарының есебінен қалыптасқан, Қордың инвестициялық қоржынының 2016 ж. бойынша жиынтық сомасы 95,6 млрд. теңгеге (20%) артты.

Валюталық нарықтағы, банк секторындағы жағдайдың динамикасына, Қордың белгілі бір қаржы құралдары кірісінің және басқа да факторлардың өзгеруіне байланысты Қор Директорлар кеңесі Қордың инвестициялық стратегиясына түзетулер енгізе алады.

Қордың 2015-2016 жж. соңындағы жағдай бойынша қаржы құралдарының есебінен қалыптасқан инвестициялық қоржынының құрылымы



Кепілдік берілген өтемді төлеуді ұйымдастыру

Қатысушы банктерде Қордың талаптарымен кепілдік берілген депозиттерді автоматтандырылған есебінен деректер қорының сәйкестігін орнату бойынша іс-шара жүргізу

Қатысушы банктерде сәйкестікті орнату бойынша іс-шара өткізу кезінде қатысушы банктерге депозитті қорды енгізу бағасының сапасы, сонымен қатар, Қосылу шарт талаптарының орындалуы, әсіресе қатысушы банктердің бекітілген мерзімде кез келген күнгі жағдайға байланысты депозиттер бойынша деректерді түсіруге дайындықтары Қордың басты мақсаты болып табылады.

Есептік кезең бойы Қор алты қатысушы банкте сәйкестілікті орнату бойынша іс-шараларды жүзеге асырды, соның ішінде: бір қатысушы банкте жоспарлық іс-шара өткізілді, үш қатысушы банкте – жоспардан тыс іс-шаралар және екі қатысушы банкте – сәйкестікті орнату бойынша қайта іс-шара өткізілді.

Қатысушы банктерде сәйкестілікті орнату бойынша іс-шаралар «SaIT Inspect» (әрі қарай – «SaIT Inspect» АЖ) ақпараттық жүйе арқылы жүзеге асырылады, жүйелерді сәйкестілікті орнату бойынша іс-шаралар рәсімін өткізуді автоматтандыру үшін арнайы Қор жасап шығарды. Іс-шараларды өткізу нәтижелері бойынша бес қатысушы банкте клиенттердің

есептік шоттарын топтастыруда салымшылардың сәйкес деректерін толтыру бойынша және кепілді өтем сомасын төлеуге тиісті дұрыс емес өзара есеп алысудың үйлесімсіздігі анықталды. Сәйкестілікті орнату бойынша тексеру іс-шаралардың соңында Қор анықталған үйлесімсіздікті жою мен оны орындау туралы ай сайынғы ақпарат бойынша қатысушы банктер басшылығының бекіткен жұмыс жоспарын қатысушы банктердің ай сайын Қорға ұсынуы арқылы Қордың анықтаған үйлесімсіздікті қатысушы банктердің жоюын қадағалады.

Қордың қатысушы банктерде олардың депозитті қорын маңызды режимде үздіксіз ұстауының мақсатында есептік жылда банктердің өз депозитті қорын өз бетінше тестілеуі үшін қатысушы банктерде «SaIT Inspect» АЖ орнату бойынша жұмыстар жалғаса берді. 2017 ж. 01 қаңтардағы жағдайы бойынша «SaIT Inspect» АЖ банктердің тапсырысы бойынша 32 қатысушы банктің 23-де орнатылды (Ислам банкіне айналатын «Заман Банк» АҚ тізімге қосылмаған). Сол уақыттан бері 9 қатысушы банкте «SaIT Inspect» АЖ орнатудың техникалық сұрақтары бойынша түсіндірме жұмыстар жалғасуда.

Қордың кепілдік берілген өтемді төлеуді жүргізуі

Есепті жылы Қор екі мәжбүрлі таратылатын банктің салымшыларға кепілдік берілген өтемдерді төлеуді жүзеге асыруды жалғастырды: «Қазақстан Наурыз Банкі» АҚ және «Валют-Транзит Банк» АҚ.

Төменде мәжбүрлеп таратылатын банктердің салымшыларға кепілді өтемдердің төленген сомасы туралы ақпарат көрсетілген.

2016 ж. 31 желтоқсан бойынша мәжбүрлеп таратылатын банктің салымшыларына кепілдік берілген өтемді төлеу

Мәжбүрлеп таратылатын банк атауы	Салымшылардың алдында Қордың міндеттемелердің өлшемі	Кепілдік берілген өтемді төлеу	Қалдық
	млн. теңге	млн. теңге	млн. теңге
«Қазақстан Наурыз Банкі» АҚ	772,04	679,5	92,4
«Валют-Транзит Банк» АҚ	18 354,3	17 859,2	495,08

2016 жылдың тамыз айында Қор агент банк «Банк ЦентрКредит» АҚ арқылы таратылатын «Валют-Транзит Банк» АҚ салымшыларға кепілді өтемдерді қосымша төлеуді жүзеге асыруын аяқтады. (Таралатын банктің салымшыларының заңды мүдделерін және құқықтарын қорғау мақсатында, Ұлттық Банкпен Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігінің басшысының бұйрығымен мелекеттік органдардың өкілдерінің қатысуымен банктің таратылу үрдісінің барлық мәселелерін және оларды шешудің әлеуетті тиімді әдістерін талқылаған таралатын банктің проблемалық сұрақтарын қарастыру бойынша жұмыс тобы құрылды. Осы жұмыс тобының шеңберінде, тұрғындардың Қорға – салымшылардың мүдделерін қорғайтын ұйымға, және жалпы мемлекетке деген сенімін нығайту мақсатында, таратылатын банктің салымшыларына 5 млн теңгеге дейін – Қордың арнайы резервінің қаражаты есебінен кепілдік өтем төленетіні туралы шешім қабылданды. Шамамен 5 мың салымшыларға кепілдік өтемнің қосымша төлемдерін жүзеге асыруға Қормен 4,25 млрд. теңге көлемінде жиынтық құны бөлінді).

2016 жылдың қарашасында Қор және агент банк осы банктің салымшыларға қосымша кепілді өтемді төлеген сомалары бойынша өзара есеп айырысуды салыстырудың қорытынды актісіне қол қойды. Агент банкпен жасалған агентті келісімнің мерзімі аяқталғаннан кейін, 2016 жылдың 10 тамызынан бастап Қор қосымша кепілді өтемдерді төлеуді өз бетімен жүзеге асыра бастады. 2016 жылдың 10 тамызынан 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде Қор

банктің 15 салымшысына қосымша кепілді өтемді сәйкесінше 11,72 млн. теңге көлемінде төледі.

Сондай-ақ, Қордың «Валют-Транзит Банк» АҚ салымшыларына қосымша кепілді өтемді төлеуде Ұлттық Банктің қатысуын атап өткен жөн. Сонымен, Қор мен Ұлттық Банктің бірігіп қосымша кепілді өтемдерді төлеуді жедел және тиімді жүзеге асыру мақсатында халық пен таратылатын «Валют-Транзит Банк» АҚ салымшылары арасында ауқымды ақпараттық-түсіндірмелі жұмыс өткізілді. Сондай-ақ, Қор мен Ұлттық Банктің аймақтық филиалдары Қордың таратылатын банктің салымшыларына қосымша кепілді өтемдерді төлеуді өткізу бойынша жыл бойы мезгілді пресс-конференциялар, брифингтер, жергілікті және аймақтық телеарналарда сұхбат өткізді.

Сонымен қатар, қосымша төлемдер туралы ақпарат аудандық, қалалық және республикалық газеттерде жарияланды. Халық пен таратылатын банктің салымшылары арасындағы сәтті өткізілген ақпараттық-түсіндірмелі іс-шаралар нәтижесі бойынша 2017 жылдың 1 қаңтарындағы жағдайға кепілді өтемдерді қосымша төлеуге Қордың арнайы резервінен бөлінген 4,26 млрд. теңгеден Қор банк салымшыларына 3 981,41 млн. теңге төледі, ол төлемдердің жалпы сомасының 93% құрады.

Қордың «Валют-Транзит Банк» АҚ салымшыларына кепілдік берілген өтемді агент банк арқылы төлеу қазіргі режимде Қорға кепілдік берілген өтемдерді төлеу тәртібін реттейтін ішкі нормативтік актілерін жақсартуға мүмкіндік берді.

Мәжбүрлеп таратылатын банктердің тарату комиссияларының жұмысы

2016 жылы екі банктің мәжбүрлі тарату үрдісі жалғасты: «Қазақстан Наурыз Банкі» АҚ және «Валют-Транзит Банк» АҚ.

«Қазақстан Наурыз Банкі» АҚ

«Наурыз Банк Қазақстан» АҚ мәжбүрлеп түрде тарату туралы сот шешімі 2005 жылы 16 қарашада шықты. Есепті жылы «Қазақстан Наурыз Банкі» АҚ тарату комиссиясы жалпы сомасы 772 млн. теңге құрайтын банк салымшыларына төленген кепілдік берілген өтемнің сомасы бойынша Қордың талаптарын қайтарды (тізілімнің үшінші кезегі «Қазақстан Республикасындағы банктер мен банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кредиторлардың талаптарын қанағаттандырудың кезектілігі).

«Валют-Транзит Банк» АҚ

«Валют-Транзит Банк» АҚ мәжбүрлі тарату рәсімі 2007 жылдың наурыз айында басталды. Қордың банк салымшыларына төленген кепілдік берілген өтемнің сомасы бойынша банктің тарату комиссиясына деген алғашқы талабы 14,014 млрд. теңгені құрады.

2015 жылғы 10 тамыздан бастап 2016 жылғы 31 желтоқсанға дейін, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне меншік құқығын қорғауды күшейту, шарттық міндеттемелерді қорғауды кепілдендіру және оларды бұзғаны үшін жауапкершілікті қатаңдату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес банк салымшыларына, депозит бойынша қалдықтары 700 мың теңгеден жоғары болған, сәйкесінше 4,252 млрд. теңге көлемінде кепілдік берілген өтемді төлеу жүргізілді.

Есепті жылдың аяғындағы жағдай бойынша Қордың таратылатын банкке талаптарының жалпы сомасы барлық жүргізілген түзетулерден кейін 18,354 млрд. теңгені құрайды.

Қордың барлық талаптарын орындаумен байланысты 2016 жылдың қыркүйегінде тарату комиссиясына депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы Заңның 5-бабына сәйкес, Қор «Қазақстан Наурыз Банкі» АҚ кредиторлары комитетінің құрамындағы уәкілеттілігін толық тоқтатты. Қордың қалған талаптары тізілімнің сегізінші кезегіндегі кредиторлардың талаптары бойынша шамамен 5,9 млн. теңгені құрады.

2016 ж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Қордың банктің тарату комиссиясы талаптарының 51,31% өтелді немесе таратылатын банктің салымшыларына кепілдік берілген өтемді төлеу бойынша 9,418 млрд. теңге төленді.

Қор өкілдері тарату комиссиясының Төрағасы мен Төраға орынбасарының міндеттерін, сонымен қатар банктің кредитор комитетінің Төрағасы орынбасарының міндеттерін атқарады.

Берілген банкті мәжбүрлеп түрде тарату үрдісі дебиторлық берешекті сот арқылы және атқару өндірісі тәртібінде өтеу кезінде пайда болатын проблемалармен күрделіленеді. Негізгі проблемалардың ішінде «Валют-Транзит Банк» АҚ мен контрагенттер арасында жылжымайтын мүлік бойынша жасасқан шарттардың түпнұсқасының болмауы, берілген банктің сот арқылы жалған кәсіпорын деп танылған, шамамен үлестес тұлғаларының мүліктерін мәжбүрлеп талап ету кезіндегі туған қиындықтар, берешекті толық өтеу үшін мүліктің жетіспеушілігі немесе мүлде болмауы, дебитордың кепілдік және басқа да мүлкін бағалау кезінде


төмен нарықтық құны, сондай-ақ, мемлекеттік сот орындаушылары тарапынан сот шешімдерін ұзақ уақыт орындамауы.

Есепті жылы Қор өкілдері мәжбүрлеп таратылған «Валют-Транзит Банк» АҚ кредиторлар комитетінің 12 отырысына қатысты.


Сонымен қатар, Қорда 28,1 млн. теңге мөлшеріндегі кредиторлар талаптарын қанағаттандырудың сегізінші кезегінің шегінде банкке деген талаптары бар.

2016 жылы Қордың «Валют-Транзит Банк» АҚ тарату комиссиясына деген талаптары кредиторлардың үшінші кезегі бойынша жалпы сомасы 605 млн теңгеге қанағаттандырылды.

Тарату комиссияларының Қор талаптарын қанағаттандыруды өзгертуінің динамикасы



«Валют-Транзит Банк» АҚ тарату комиссиясының талаптарын қанағаттандыру (млн. теңге)



Тәуекелдерді басқару жүйесінің дамуы

Қордың тәуекелін басқару жүйесінің мақсаты Қордың арнайы резервін қалыптастыруға, Қордың тәуекелімен байланысты жағымсыз себептерді азайту арқылы заңнаманың талаптарына сәйкес қаржылық жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз етуге қатысуға кепілдік берілген өтемнің ең жоғары сомасының шеңберінде мәжбүрлеп таратылатын банктің салымшыларына кепілдік берілген өтемі толық әрі дұрыс, уақытылы төлеу бойынша оның мақсаттарын тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ету болып табылады.

Қордың тәуекелін басқару жүйесі Қордың әлеуетті және жүзеге асқан тәуекелі туралы әділ және жедел деректерді алу үрдісін, Қордың ағымдағы қызметіне тәуекелдің ықпал деңгейін немесе дәрежесін анықтау үрдісін үздіксіз және циклді іске асыру бойынша, сондай-ақ тәуекелдер бойынша тұрақты басқару есеп беруін дайындау бойынша, тәуекелді азайту бойынша шараларды іске асыру және жасау бойынша, тәуекелді басқару және оларды азайту бойынша Қордың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіру бойынша, тәуекелді басқарумен байланысты үрдістерді автоматтандыру және жетілдіру бойынша кешенді амалдарды пайдалануды қарастырады.

Заңнамаға сәйкес, Қордың негізгі қызметтерінің бірі сақтандыру жағдайы (банктің мәжбүрлі таралуы туралы соттың шешімі заңды күшіне ену) болған кездегі салымшыларға кепілдік өтем төлеу үшін арнайы қордың жеткілікті деңгейін қалыптастыру салдарынан, Қордың қызметіне аса маңызды қаржылық тәуекелдің, сонымен қатар, тәуекелдің сыншылдығының деңгейін бағалау ең озық шетелдік тәжірибені қолдану және халықаралық тәжірибенің негізінде жүзеге асады. Қордың қаржылық тәуекелі бойынша тоқсандық есеп беруін дайындау Қордың Директорлар кеңесінің болған қаржылық тәуекелдері туралы үздіксіз ақпараттандыруына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Қордың тәуекелін басқару жүйесі Қордың сыртқы құқықтық және ақпараттық ортасын талдау негізінде комплаенс- және бедел тәуекелдің үздіксіз мониторингін, сондай-ақ осы тәуекелдерді басқару бойынша және тәуекелдердің деректеріне және оларды азайтуға жедел жауап қату бойынша тиісті іс-шараларды қарастырады. 2016 жылы Қордың Директорлар кеңесінің қарастыруына Қордағы комплаенс- және бедел тәуекелдердің жағдайы туралы есептер, сондай-ақ оларды азайту бойынша іс-шаралар жоспары шығарылды.

Қордың алдына қойылған барлық міндеттерді сапалы орындау тәуекелді басқару жүйесін тұрақты жетілдіруді талап етеді. Жоғарыда айтылғандарға сәйкес, 2016 жылы жаңа басылымда қаржылық ұйымдарда тәуекелді басқару жүйесін құрастыру бойынша халықаралық ұсыныстарды есепке алатын тәуекелді басқаруды ұйымдастыру ережелері, тәуекелді бағалау әдістемесі және Қордың ақпараттық қауіпсіздігінің тәуекелін бағалау әдістемесі жасалды және бекітілді.

Тәуекел менеджері және Қордағы Ішкі аудит қызметінің құрылымдық бірліктерінің қызмет жасауы бірінші кезекте тәуекелден қорғаудың үш аспектінің негізінде Қордың тәуекелді басқару жүйесін қалыптастыруға бағытталған:

1. Қордың құрылымдық бөлімшелерінің тәуекелін басқару;
2. Қордың тәуекел менеджерінің тәуелсіз құрылымдық бірлігінің тәуекелін басқару (Қордың Директорлар кеңесіне тікелей есеп беру міндеті);
3. Қордың ішкі аудит қызметінің тәуекелін басқару жүйесінің тиімділігін тәуелсіз тексеру, сондай-ақ Қордың директорлар кеңесіне тікелей есеп беру міндеті.

Қордағы тәуекелді басқару бойынша іс-шараларды тиімді орындау мақсатында тәуекелді басқару сұрақтары бойынша Қордың Директорлар кеңесі Қол астындағы комитеті қызмет атқарады. Осы Комитеттің төрағасы Қордың Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі болып табылады. Қордың Директорлар кеңесінің Қол астындағы тәуекелді басқару сұрақтары бойынша комитетінің директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесінің төрағалығы Қордың тәуекелін басқару жүйесінің қазіргі жағдайы туралы директорлар кеңесінің үздіксіз ақпараттандыруына мүмкіндік жасайды, сондай-ақ тәуекелді басқару саласындағы Қордың басшылығының іс-әрекетінің жеделдігін қамтамасыз етеді. 2016 жылы тәуекелді басқару бойынша есептер қарастырылған Директорлар кеңесінің қол астындағы осы Комитеттің екі отырысы өтті – олардың қорытындысы бойынша Қордың Директорлар кеңесі үшін тәуекелді басқару бойынша ұсыныстар дайындалды. Қордың Директорлар кеңесі, өз кезегінде, өзінің басқару шешімдерін қабылдаған кезде Қордың қаржылық және басқа тәуекелінің ұшырағыштығының ағымдағы жағдайын, сондай-ақ тәуекелді басқару сұрақтары бойынша Қордың Директорлар кеңесінің жанындағы Комитеттің ұсыныстарын ескереді.

Жұртшылықты хабардар ету

Қор өз борышы ретінде Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктердің депозиттарының заңды мүдделерімен және құқықтарын қорғауға, елдің қаржылық жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге тиімді қатысу деп мәлімдегендіктен, Қордың жұмысындағы негізгі бағыттарының бірі банк депозиттері, кепілдіктің ең жоғарғы сомасы, салымшылармен есептесу тәртібі және мерзімі туралы тұрғындардың хабардар болу деңгейін қамтамасыз ету болып табылады.

Ребрендинг

2016 жылы Қор жұмысындағы елеулі оқиғаның бірі – ребрендингті өткізу болды: 2016 жылы 01 шілдеде Қор жаңартылған логотип және «KDIF – Депозиттер кепілдігі / Гарантия по депозитам» мөрімен таныстырды. Жаңа логотипте көрсетілген негізгі ой 2013 және 2015 жылдары «Deposit Insurance Organization of the Year Award» ДСЖХҚ номинациясындағы екі марапатты кұәландырылған Қордың халықаралық стандартқа және басты тәжірибеге сәйкес болуы еді.

Бір түсте жасалған Қордың жаңартылған логотипінің үлкен графикалық элементтері бар семантикалық, ықшамды стилистикасы халықаралық

2016 жылы Қор өз ақпараттық жұмысын жүргізу стратегиясын жетілдіріп қана қоймай, коммуникацияның жаңа құралдарымен – банк депозиттерін қорғау әмбебап белгісі және жаңарған логотипті – банк депозиттік өнімдер бойынша жарнамаларда және промо-материалдарда алдағы уақытта қолдануға жарамды «KDIF – Депозиттер кепілдігі / Гарантия по депозитам» мөрін таныстырды.

тәжірибедегі бенчмарк, стандарт ретінде қабылданады.

Жаңартылған логотип көрнекілік жағынан екі блоктан – KDIF аббревиатурасынан (Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының транслитерациясы, ағылшын тілінде ҚДКБҚ) және мемлекеттік және орыс тілдеріндегі атауды мағынасын ашумен мәтіндік блоктан құрылған. Мәтіндік блок – динамикалық және орналастыру форматына байланысты, аббревиатураға қатысты көлденеңінен немесе тігінен орналасуы мүмкін; KDIF аббревиатурасын мәтіндік блоксыз пайдалануға болады. Негізгі нұсқада логотип қазақ және орыс тілдерінде тілдік

KDIF ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ
КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

KDIF
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ
КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

KDIF ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ
KAZAKHSTAN DEPOSIT
INSURANCE FUND

KDIF
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ
KAZAKHSTAN DEPOSIT
INSURANCE FUND

жүппен ұсынылған, қосымша нұсқада мемлекеттік және ағылшын тілінде қолданылады. Логотиптің графикалық элементі геральдика дәстүрінде намысты, айнымастықты, адалдықты білдіретін қанық көк түсте жасалған.

Ребрендинг науқанын өткізу кезінде Қор барлық қатысушы банктердің мекенжайына логотипті ауыстыру туралы хабарлама жіберді; Қордың қызметкерлері үшін жаңартылған логотиптің ұйымның мақсаттарымен және терең құндылықтарымен

байланысы және корпоративтік стилі туралы таныстыру рәсімі өтті. Ребрендингті жариялаудан кейін Қор бірден 2014 жылдан бастап қызмет атқаратын және маркетинг бойынша бөлімшелердің басшылары және банктің PR мамандарына – ҚДКБҚ Консультативтік кеңес қатысушыларынан тұратын жұмыс тобының өкілдеріне жаңарған логотипті ұсынды. Еркін пайдалануға арналған барлық мәліметтер мен брендбук Қордың ресми веб-сайтындағы «Баспасөз қызметі» тарауында орналасқан.

Қордың ресми интернет-ресурсының жаңаруы

2016 жылы 30 қыркүйекте Қор жаңартылған ресми веб-сайтын таныстырды. Веб-ресурс қолданушылар үшін максималды түрде дербес компьютерден де, смартфоннан да қарауға, әрі бейімделуге ыңғайлы етіп жасалған «резеңке» (бейімделгіш) беттеу технологиясы бойынша жүзеге асқан; қолданушының іс-әрекетінің статистикалық деректерінің есебімен интуициялы түрде түсінікті бейімделуі ұсынылды. Сонымен қатар веб-сайт кері байланыстың ыңғайлы нұсқаларының көбісін қарастырады (қоңырауға тапсырыс беру, онлайн-сұраныс, «Jivosite» шұғыл кері байланысының модулі).

Веб-сайттың мазмұнының 100% жаңа платформаға көшірілді, бірақ ең маңызды қосымшасы депозиттер бойынша кепілдік беру туралы хабары жоқ қолданушыларға банк шоттарындағы салымдар мен қалдықтар бойынша кепілдеменің сомасын есептеуге мүмкіндік беретін кепілдік берілген өтемнің онлайн-калькуляторы болып табылады. Жаңарған веб-сайттың алға басуы үшін үлкен қатысушы банктердің қолдауымен Facebookта науқандар өтті. 2017 жылы ең жаңа модульдерді әзірлегеннен кейін Қор жаңарған веб-сайттың алға басуы үшін толық көлемді науқан өткізуді жоспарлауда.

Банк бөлімшелерінде банк клиенттерімен қарым-қатынас

Жаңарған логотиптің және корпорациялық стилдің бекітілуінен кейін Қор қатысушы банктер арасында орыс тілі мен мемлекеттік тілде депозиттер бойынша кепілдік беру туралы ақпараттық бүктемелер таратты (филиалдар, банктердің есептеу-кассалық бөлімшелер бойынша әр банктің депозиттік қордың көлеміне тепе-тең барлығы 3 млн. данасы таратылды). Кейінірек, желтоқсанда еліміз бойынша есептеу-кассалық бөлімшелері көп үлкен банктерге «Депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қатысушы банк» атты акрилді лифлет-холдерлер (жарнамалық бағандар) таралымы ұсынылды (1000 дана көлемінде).

2016 жылы қарашада Қор қызметкерлері жеке тұлғалармен жұмыс жасайтын (аудандар және қатысушы банктер шамасында) қатысушы банктер бөлімшелерінде Қордың ақпараттық бүктемелерінің болуын және санын іріктеп, тексерді.

Сонымен қатар, осы іс-шараларды өткізу барысында банк қызметкерлеріне қазақстандық депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесі туралы

хабардар екендігінің дұрыстығын және дәлдігінің мәніне қатысты сұрақтар қойылды.

Сонымен қатар, Қордың өкілеттігінің болмаған фактіні ескере отырып, Қазақстан Республикасының аймақтарында Қордың сұранысы бойынша Ұлттық Банкпен өзінің барлық филиалдарына ДКБЖ туралы жеке тұлға-клиенттермен жұмыс жасау менеджерлерінің хабардар болуы бойынша және қатысушы банктердің ғимаратында Қордың жарнамалық өнімінің болғанын тексеру бойынша іс-шаралар өткізу тапсырылды. Бұл ретте, Қор жоғарыда аталған іс-шаралар бойынша жұмыстарды үйлестіруді және Ұлттық Банктердің филиалдарына оларды өткізуге көмек көрсетуге міндеттелді.

2016 жылы қарашада Қор ресми хатпен банктердің офис-майданының және колл-орталығының қызметкерлері үшін оқыту презентацияларын Қормен өткізу қажеттілігі туралы қатысушы банктерге хабарлады. Семинарды өткізу 2017 жылы қаңтар-ақпан айларына жоспарланды.

Әлеуметтік желілерде жұмыс жасау

2016 жылғы қаңтарда Қор депозиттерге кепілдік беру жүйесінің маңызды жетістігін қолдау

үшін науқан өткізді. Қорға Facebook-тағы және VKontakte-дегі үлкен қатысушы банктердің PR және

SMM қызметтерінің қолдауымен «Салымшыларға кепілдік берілген өтемдерді төлеу және проблемалық банктердің дәрменсіздігін реттеу саласындағы жетістіктері үшін» номинациясы бойынша ДСЖХҚ халықаралық сыйлығы табысталды. Жаңалықтың жалпы тыңдаушылары 100 мыңнан астам жазылушыларды құрады. Кейінірек, 2016 жылғы ақпанда үлкен банктер алаңындағы әлеуметтік желілерде депозиттер бойынша кепілдіктер туралы ақпараттық роликтің алға басуы бойынша науқан өтті: 15 сек, 30 сек немесе 2 минуттік хронометражы бар, кейіпкерлері – тиін-ана және тиін-балақайлар – қысқа, түсінікті, жеңіл мультипликациялық ролик депозиттер бойынша кепілдік берудің барлық маңызды сұрақтарын ашты. Содан соң, шілде айында, роликтегі логотиптің ауысуынан соң, сондай-ақ жаңарған веб-сайттың алға басуы бойынша науқанның барысында репост үшін Қор банктің PR- және

Қоғаммен байланыс

Қор 2016 жылдың ішінде ақпараттық себептер қатары бойынша 10 баспасөз релиз бен ақпараттық хабарламаларды жариялады, соның ішінде: «Валют-Транзит Банк» АҚ салымшыларымен есеп айырысу тәртібінің өзгеруі, Қордың Директорлар кеңесі құрамының өзгеруі, депозиттер бойынша сыйақылардың максималды ұсынылатын мөлшерлемесі бойынша шешімдері, «Қазинвестбанк» АҚ салымшыларымен алдағы жұмысының реті бойынша.

Рейтингі жоғары аймақтық басылымдар, «Время», «Караван», «Айқын», «Егемен Қазақстан» газеттерінде төрт түрлі мақала жарияланды.

Қор қазан айында zakon.kz порталында «Барлығы сіздің депозитіңіздің сақталуы үшін» атты онлайн-конференция өткізді, сұрақтарға Қордың Төрағасы жауап берді. Сұрақ-жауап үлгісіндегі белсенді сессияның 5 күн ішінде онлайн-конференция парақшасы 25 мың қолданушы тыңдаушыларды жинады. Кейінірек, желтоқсанда, zakon.kz порталында Қордың Төрағасымен сұхбат жарияланды.

Бір жыл ішінде Қордың Төрағасы, Қор басшылығы және мамандары «Валют-Транзит Банк» АҚ салымшыларымен алдағы жұмысы және «Банк ЦентрКредит» АҚ агент банкі арқылы және әрі қарай,

SMM қызметтеріне 2 минуттік хронометражы бар аса түсінікті және толық ролик ұсынды. Сонымен қатар, көптеген банктің маркетингтік қызметтері 30 сек субтитр мен хронометражы бар роликті есептеу-кассалық бөлімшелерінің мониторларында орналастыруға қызығушылық білдірді.

Бұл ретте, 2016 жылғы 22 сәуірде «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ресми парақшасында «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорымен бір сағат» атты сұрақтар мен жауаптер сессиясы өтті. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ жазылушыларының сұрақтарына Қор Төрағасының орынбасарлары Абжанов Қуанышбек Қайратұлы мен Даулетбердиев Олжас Әлімханұлы, сондай-ақ Қордың Заң департаментінің маманы жауап берді, ал «Қазақстан Халық Банкі» АҚ атынан Жеке өнімдер және агенттік қызметтер департаментінің директоры жауап берді.

тікелей ҚДКБҚ арқылы есептер жүргізу барысы туралы сұрақтар бойынша Хабар, Хабар-24, Оң ТВ телеарналарына ресми шолулар берді. 2016 жылы желтоқсанда Бірінші арна Еуразия, 31 Арна, Алматы Арнасы, КТК, Хабар Телеарнасы, Хабар-24, Atameken Business Channel телеарналарында «Қазинвестбанк» АҚ салымшыларымен алдағы жұмысы туралы Ұлттық Банктің Қадағалау департаменті директорының орынбасарының, Қор Төрағасы орынбасарының және Қордың Талдау және қоғамдық байланыс департаменті директорының сұхбаттарымен жаңалық сюжеттер шықты.

Сонымен қатар, есепті жылдың қазан-қараша айларында Қор қызметкерлері Алматы қаласының бірнеше ЖОО – «Қайнар» және «Тұран» университеттері, Каспий университеті, Л.Б.Гончаров атындағы Қазақ автомобиль-жол академиясы және Қазақ еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясы – экономика және қаржы мамандықтарында білім алатын студенттер арасында ДКБЖ негізгі аспектілері туралы дәрістер топтамасын өткізді. Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру жүйесі бойынша дәрістер жоғарыда айтылған оқу орындарының студенттері арасында үлкен қызығушылық тудырды. Осы дәрістердің тыңдаушылары бес ЖОО бойынша шамамен 150 студентті құрады.

Тұрғындарға телефон арқылы кеңес беру

Есепті жылы Қордың 8 8000 80 10 20 жедел байланыс телефонына 4200-ден астам қоңырау келіп түсті: соның арқасында кез келген абонент Қор мамандарынан депозиттерге кепілдік беру тұрғысындағы сұрақтар бойынша тегін кеңес алу мүмкіндігіне ие болды. Салымшылардың ең көп қоятын

сұрақтары кепілдік беру объектілері, депозиттер бойынша теңге және шетел валютасындағы кепілдік берілген өтемнің ең жоғарғы сомасы, өтемдерді төлеу мерзімі және агент-банк бөлімшелерінде кепілдік берілген өтемі алу үшін қажетті құжаттар тізімі жөнінде болды.

Әдістемелік ЖҰМЫС

ДКБЖ қызметі, міндеттері, мақсаттарын жүзеге асыру Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен, Ұлттық Банктің нормативтік-құқықтық актілерімен және Акционерлер және Қордың Директорлар кеңесінің шешімдерімен бекітіледі. Бұл ретте Қор депозиттерге кепілдік беру сұрақтары бойынша құқықтық ортаны дамытуға белсенді кіріседі.

Қор 2008 жылдан бастап Қазақстан Республикасының қаржылық реттеу органдарымен және Үкіметімен бірігіп, арнайы резервтің активтері бойынша меншікті инвестициялық кірісінің салық салуынан босатылуы бойынша жұмыс жүргізді. Қор бірнеше мәрте Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің, Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің және Ұлттық Банктің жауапты бөлімшелерінің қатысуымен осы сұрақты талқылауға бастама жасады.

Сонымен қатар, Қор «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексі (Салық кодексі) өзгерістер енгізу бойынша жұмыс топтарының мәжілістеріне қатысты және осы мәселені Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжіліс және Сенат депутаттарымен кездесулерде талқылады.

Атқарылған жұмыстың нәтижесінде Салық кодексіне тиісті өзгертулер енгізілді. Бір уақытта Депозиттерге міндетті түрде кепілдік беру туралы заңға, Қордың жеке активтерін және арнайы резервтің активін бөлек есебін жүргізуге қатысты өзгерістер енгізілді.

Осылайша, Салық кодексінің 99 бабы 1 тармағы 16 тармақшасына сәйкес арнайы резервтің активтерін инвестициялаудан алынған және оны көбейтуге бағытталған Қордың инвестицияланған кірістері салық салу қорын анықтауға қатысты Қордың жылдық жиналған кірісінен алып тастауға тиісті (01.01.2014ж. бастап қолданысқа енгізілді). Алайда, Салық кодексінің осы ережесі алынған сыйақыны төлемдер көзіндегі салықтардан екінші деңгейдегі банктердің депозиттеріне Қордың арнайы резервті активін инвестициялаудан босатпады.

Осыған байланысты, 2016 жыл бойы Қор қызметкерлерімен Салық кодексі Ұлттық Банкке тиісті жолдама жіберу арқылы өзгерістер мен толықты-

рулар енгізу бойынша іс-шаралар өткізілді. Жұмыс тәртібінде Салық кодексіне өзгертулер мен толықтырулар жобалары таңдалды, бұл Қосылу шарты бойынша міндеттемелерді тиісті орындамағаны немесе атқармағаны үшін қатысушы банктерге қолданылатын Қордың жылдық жиналған кірісінен тұрақсыздық төлем ретінде алып тастауды қарастыратын Салық кодексінің 99 бабы 1 тармағы 16 тармақшасына жаңа басылымда өзгерістер мен толықтыруларды қосуға алып келді.

Сонымен қатар, Салық кодексінің 143 бабының 2 тармағына келесі басылымдағы 2-1) тармақшасы қосылды: «Жеке тұлғалардың депозиттерін міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйыммен төленетін сыйақыны төлеу кезінде салық салуға тиісті емес».

2016 жылғы 30 қарашада Елбасы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салықтық және кедендік әкімшілік жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына қол қойды (2017 жылғы 01 қаңтарда қолданысқа енгізілді).

2016 жылы Қосылу шарты бойынша міндеттемелерді тиісті орындамау үшін қатысушы банктерден тұрақсыздық төлемдерді қайтару тәжірибесін депозиттерге кепілдік беру жүйесінен және төлем көзіндегі Қордың сыйақыға салық салудан босатылудан алып тастау жөніндегі бастамашылық етілген барлық түзетулер қабылданды. Осылайша, Салық кодексіне енгізілген өзгерістер 143 және 99 баптар арасында болған қайшылықтардың жойылуына, және 2017 жылы Қордың арнайы резервтерінің активтерін орналастырудан алынған кірістердің өсуіне алып келді.

Есепті кезең ішінде Қордың ішкі нормативтік құжаттарын жетілдіру бойынша және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің нормативтік-құқықтық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізудегі ұсыныстарды өндіру бойынша айрықша әдістемелік жұмыстар Қормен жүзеге асырылды.

Ұлттық заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстарды дайындау мақсатында Қордың қызметкерлерімен проблемалық банктерді тарату және реттеу әдістері жөнінде төмендегі халықаралық

тәжірибе және ең жақсы іс-тәжірибелер зерттелді, соның ішінде:

- Халықаралық Валюта Қордың (ХВҚ), Халықаралық қайта құру және даму банкінің және Дүниежүзілік Банктің проблемалық банктерді реттеу және сауықтыру жөніндегі сарапшыларының ұсыныстары;
- Несие ұйымдарын және инвестициялық компанияларды реттеу және сауықтыру бойынша Еуропалық одақтың нұсқаулығы 2014/59/EU (15.05.2014 ж.);
- «Дәрменсіз қаржылық институттарын реттеудің тиімді тәртіптердің негізгі ерекшеліктері» Қаржылық тұрақтылық жөніндегі кеңес ұсыныстары (2011 ж.);
- Қаржылық тұрақтылық жөніндегі кеңес дәрменсіздігін реттеудің тәртіптерін екінші тақырыптық шолуы (18.03.2016 ж.);
- Депозиттерге кепілдік беретін Федералды корпорациясының реттеу бойынша нұсқа (желтоқсан 2014 ж.);
- АҚШ, Түркия, Ресей, Украина сияқты елдердің проблемалық банктерін реттеу бойынша тәжірибе және Депозиттерге кепілдік беретін Федералды корпорация (АҚШ), Түркия жинағына кепілдік беру қоры, Салымдарды сақтандыру агенттігі (Ресей), сондай-ақ, осы үрдістегі жеке Тұлғалардың салымдарына кепілдік беру қоры (Украина).

Жоғарыда айтылған жұмыс тобының талқылау мәні болып табылатын жеке сұрақтар бойынша Қордың ұсыныстары Ұлттық Банкке салыстырмалы кестелер түрінде ұсынылды. Осы жұмыс тобының жұмысының нәтижесі тиісті заң жобасын дайындау болуы тиіс.

Қор, сонымен қатар, Ұлттық Банк жүзеге асыратын әдістемелік жұмысқа қатысты келесі іс-шараларды іске асырды:

- «Екінші деңгейдегі банктерді консервациялау тәртібін қолдану (бекіту), банктің міндеттемелерін және активтерін, сондай-ақ көрсетілген операцияны өткізу кезіндегі жіберуге тиісті активтер мен міндеттемелердің түрлерін, бөлігін немесе толық көлемде басқа (басқа) банкке (банктерге) осы операциядағы уәкілетті органмен консервациялау және келісу деңгейіндегі банкті басқару бойынша (банктің уақытша басшысымен) уақытша әкімшілікпен бір уақытта жіберу бойынша операцияларды өткізу ережелерін бекіту туралы» Ұлттық Банк Басшылығы қаулысының жобасы бойынша ұсыныстар дайындалды;
- «Тұрақтандыру банкін басқару, арнайы шарттар бекітілгені жөніндегі келісімдерді жасау, консер-

вация режимінде тұрған банктің міндеттемелерін және активтерін тұрақтандыру банкіне жіберу, сондай-ақ тұрақтандыру банкіне жіберуге тиісті міндеттемелерді және активтер түрлерін, тұрақтандыру банкімен қабылдаушы банкке міндеттемелерді және активтерді жіберу бойынша операцияларды жүргізу ережелерін бекіту туралы» Ұлттық Банк Басшылығының қаулысының жобасы бойынша ұсыныстар дайындалды;

- қаржылық нарықты және қаржылық ұйымдарды қадағалау және реттеу бойынша Қазақстан Республикасы Агенттігі Басшылығының 2006 жылғы 23 қыркүйектегі «Екінші деңгейдегі банктің қосылу шартына депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне енгізу үшін қосылу туралы өтініш үлгісін бекіту туралы» № 216 қаулысына өзгертулерді әзірлеу кезінде қатысты.

Сонымен қатар, Қор ДКБЖ шеңберінде Ұлттық Банк жетекшілік ететін жұмыстарға белсене қатысты, әсіресе:

- мәжбүрлі түрде таралған «Валют-Транзит Банк» АҚ проблемалық сұрақтарын талқылауға;
- мәжбүрлі түрде таралатын қатысушы банктің салымшыларына кепілдік берілген өтемді төлеу мақсатында агент банкті таңдаумен байланысты рәсімдерді жетілдіруде;
- Қордың алдында тұрған түрлі міндеттерін жүзеге асыру үшін банк құпиясын құрайтын деректерге қолжетімділігін Қорға ұсыну туралы сұрақты реттеу бойынша жұмыстарда.

Сондай-ақ, Қор қызметкерлері Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы алаңының қорында депозиттік сертификаттарды дамыту және қайта алынбайтын депозиттерді енгізу мүмкіндігін және мақсаттылығын қарастыруға арналған ұсыныстарды дайындау бойынша талқылауларға қатысты.

Сонымен қатар, Қордың Директорлар кеңесінің 11.05.2016 жылғы шешімі бойынша (№2 хаттама) қатысушы банктермен Қосылу шартына 1-1 Қосымшасымен бекітілген үлгі бойынша депозиттер шарттары туралы деректерді есептік тоқсаннан кейінгі айдың бесінші жұмыс күніне дейінгі мерзімге байланыстың электронды арналары (ФАСТИ) арқылы Қорға ұсыну жөніндегі Қосылу шартына өзгертулер мен толықтырулар бекітілді (01.01.2017 ж. бастап қолданысқа енгізілді).

Сондай-ақ, Қордың әдістемелік базасын жетілдіру жөнінде келесі жобалар жүзеге асырылды:

- Қор Акционерінің шешімдері туралы ақпаратты жариялау тәртібі және өзгертулер мен толықтырулар бекітілді (Акционердің 29.03.2016 ж. және 29.09.2016 ж. шешімдері);

- Директорлар кеңесінің шешімдері туралы ақпаратты жариялау ережелері бекітілді (Қордың Директорлар кеңесінің 11.05.2016 жылғы №2 шешімі);
 - Қордың теңгеге ауыстырылған халықаралық қаржылық құнды қағаздардың бұл тізбесін қосу арқылы қаржылық құралдарды инвестициялауға рұқсат етілген тізбені ұлғайту жөніндегі Инвестициялық саясатқа және Инвестициялық стратегияға өзгертулер енгізілді (Қордың Директорлар кеңесінің 05.10.2016 ж. №6 шешімі). Сонымен қатар, 25.10.2016 жылғы ҰБ №4/717 қосымша келісімін жасау арқылы Қормен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арасындағы 13.01.2015 жылғы ҰБ №11 сенім білдіру басқару туралы Шартқа тиісті толықтырулар енгізілді;
 - Директорлар кеңесінің комитеті туралы Ереже бекітілді (Қордың Директорлар кеңесінің 05.10.2016 жылғы №6 шешімі);
 - «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ қызметкерлеріне еңбекақы төлеу Ережелеріне, «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ қызметкерлеріне сыйақы беру Ережелеріне, өзгертулер мен толықтырулар енгізілді (Қордың Директорлар кеңесінің 14.12.2016 жылғы №11 шешімімен бекітілді);
 - «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ бизнес-жоспарын (жылдық бюджет) құрастыру, бекіту және пайдалану Ережелері бекітілді (Қордың директорлар Кеңесінің 14.12.2016 жылғы №11 шешімі);
 - Ішкі бизнес-үрдістерді жетілдіру бойынша жұмыс жүргізілді;
 - «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ іс жүргізу бойынша Нұсқаулық бекітілді (Қор Төрағасының 05.01.2016 жылғы № 1/1 бұйрығы);
 - Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдар дайындау Ережесіне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар бекітілді (Қор Төрағасының 15.02.2016 жылғы №8 бұйрығы);
 - Жеке істерді жүргізу тәртібі бойынша нұсқаулыққа, қызметкерлердің дербес деректерін өңдеу Ережесіне және еңбек тәртібі Ережесіне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар бекітілді (Қор Төрағасының 15.02.2016 жылғы №8 бұйрығы);
 - Таза үстел және экран саясаты бекітілді (Қор Төрағасының 25.07.2016 жылғы №79 бұйрығы);
 - Қордағы қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау бойынша Нұсқаулық бекітілді (Қор Төрағасының 22.08.2016 жылғы №88 бұйрығы);
 - «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ депозиттерге кепілдік беру мәселелері бойынша тұрғындар арасында ақпараттық-түсініктеме жұмыстарын жүргізуге қатысты нұсқаулық бекітілді (Қор Төрағасының 03.11.2016 жылғы №115 бұйрығы);
 - 2016 жылдың төртінші тоқсанында, ірі қатысушы банк және өзге операцияларды жүргізуге берілген лицензиясынан айырылған жағдайда Қор кепілдік берілген өтемді төлеу функцияларын жүзеге асыруға байланысты тәуекелді анықтау және бағалау мақсатында, Қор Төрағасының 17.10.2016 жылғы №109 бұйрығына сәйкес ДКБЖ қатысушыларының әрекеттерін жүзеге асырудың көлгірлігін жүргізу арқылы күйзеліс-тестілеу жүргізілгенін атап өту керек. Күйзеліс-тестілеудің нәтижесі бойынша қолданыстағы рәсімдердегі мүмкін болатын тәуекелдер мен олқылықтар анықталды және анықтаған тәуекелдерді азайтуға бағытталған шаралар әзірленді.
- Бұдан басқа, Қор есепті кезең аяқталған соң 2014–2016 жылдарға арналған Қорды дамытудың Стратегиялық жоспарын орындау, Қор бөлімшелерінің 2016 жылға арналған жұмыс жоспарының орындалуы бойынша есептер, сонымен қатар Қордың 2017 жылға арналған жұмыс жоспары және Қордың 2017–2019 жылдарға арналған даму бағыттарын дайындайды.

Халықаралық Ынтымақтастық

Кор 2003 жылдан бастап Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық қауымдастығының белсенді мүшесі (Қауымдастық, IADI, 2002 жылы құрылды, 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құрамына әлемнің 78 елінен 83 депозиттерді сақтандыру ұйымы кіреді), соның ішінде Азия – Тынық Мұхиты және Еуразия аймақтық комитеттері құрамында. Өзінің екі аймақтық комитетінің, зерттеулер және басқару – ДСЖХҚ үнемі әрекет ететін екі комитетінің құрамына қатысу арқылы және дерекқорлар мен ДСЖХҚ мүшелерінің арасында сауалнама жүргізу бойынша комитетке қатысады.

Бұдан басқа, Қор ДСЖХҚ зерттеулері мен басқарулары бойынша, депозиттерге кепілдік берудің нақты бір саласында немесе проблемалық банктерді реттеудің белгілі бір механизмінде мамандандырылған көптеген жұмыс топтарына және үнемі әрекет ететін комитеттердің ішкі комитеттеріне белсенді түрде қатысады, нақтырақ айтқанда: ислам банктерінде (IDIG) сақталатын депозиттерге кепілдік беру бойынша Жұмыс тобына R&A операциясын жүргізу бойынша Ішкі комитетіне, проблемалық банктердің міндеттемелерін қайта құрылымдауды жүргізу және оның депозиттерді сақтандыру жүйесіне тигізер әсері бойынша Ішкі комитетте, депозиттерді сақтандыру ұйымдарының арнайы қорының мақсатты мөлшерін белгілеу бойынша Ішкі комитетте, сондай-ақ, проблемалық банктердің тарату массасынан жұмсалған қаражатты өтеу бойынша Ішкі комитеттің құрамына кіреді. Аталған мүшеліктің аясында Қор ДСЖХҚ және оның аймақтық комитеттері жүргізетін көптеген халықаралық шаралар мен зерттеулерге үнемі қатысады.

Жоғарыда айтылған семинар аясында тәуекелдер, тәуекелдер түрін анықтау және оларды бағалау, макро және микро-пруденциалды бағалау үлгілері және т.б. негізінде қаржылық институттарды талдау мәселелері қарастырылды. Семинарға қатысушылардың ДСЖХҚ атқарушы кеңесінің 48-ші отырысына, сондай-ақ «Депозиттерді сақтандыру жүйесінің алуан түрлілігі және үйлесімділігі» тақырыбында өткен Париж қаласындағы (Франция) ДСЖХҚ халықаралық конференциясына (2016 жылы мамыр айы) қатысты. Осы халықаралық

конференцияның аясында депозиттерді сақтандырудағы стандарттар, қаржылық дағдарыстар, модельдер және трансшекаралық әріптестік сияқты өзекті тақырыптар қозғалды.

Есепті жылдың 30 маусым мен 01 шілде аралығында Қор өкілдері 9-шы Жалпы жылдық жиналысы, «Депозиттерді кепілдік берудің тиімді жүйелері және дағдарыс-менеджменті» тақырыбында Қырғызстанның Бішкек қаласында өткен ДСЖХҚ Еуразиялық аймақтық комитетінің халықаралық семинарына қатысты. Онда Қор өкілі семинардың бірінші сессиясы аясында «Тәуекелдерді басқару жүйесі, арнайы резервтің сомасы жеткіліктілігін анықтау және Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры жарналарының сараланған мөлшерлеме жүйесі» тақырыбында баяндама жасады.

Есепті жылы Қор депозиттерге кепілдік беру бойынша жекелеген шетел ұйымдарымен екі жақты серіктестікті күшейту үшін жұмыс жүргізді.

2016 жылы 26 қазанда Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық қауымдастығының Жалпы жылдық жиналысында өткен «Келесі қаржылық дағдарысқа дайындық» тақырыбындағы ДСЖХҚ халықаралық конференциясында Қор Кореялық депозиттерді сақтандыру корпорациясымен (KDIC) өзара ынтымақтастықта болу туралы меморандумға қол қойды. Сонымен қатар Ұлыбританияның Қаржы қызметі саласындағы өтемақы бағдарламасымен екі жақты қарым-қатынас жасауды бекіту ниеті туралы хат алмасу болды. 2016 жылғы қазан айында Сеул қаласында өткен ДСЖХҚ Еуразиялық және Азия – Тынық Мұхиты аймақтық комитеттерінің жалпы жылдық жиналысы кезінде Қор өкілдері Қордың есепті кезеңдегі қол жеткізген табыстары туралы айтып өтті.

Бұдан басқа, 2016 жылы 07–10 қараша аралығында Куала-Лумпур қаласындағы (Малайзия) тәуекелдер негізінде банктік талдау бойынша өткізілген халықаралық семинар аясында, сондай-ақ, 2016 жылы 11 қарашада аталған семинар барысында Малайзиялық депозиттерді сақтандыру корпорациясы (PIDM) өкілдерімен екі жақты тәжірибе алмасу кезінде Қор қызметкерлері депозиттерді сақтандырудың малайзиялық жүйесінің жұмысы бойынша, атап айтқанда, ислам банктерінде

сақталған депозиттерге кепілдік беру, сақтандыру өнімдеріне кепілдік беру, сонымен қатар Малайзиялық депозиттерді сақтандыру корпорациясы жарналарының сараланған мөлшерлеме жүйесі бойынша кеңес алды. Көбісі Оңтүстік-Батыс Азияның түрлі ұйымдарынан келген қаржы нарығы мен қаржылық өнімдерді реттеушілерден тұрды. Берілген семинарға қатысушылардың жалпы саны 70-тен аса адам болды.

Қосымша, 2016 жыл бойы Қор өкілдері ДСЖХҚ өткізген көптеген зерттеулерге белсене қатысты және Еуразиялық және Азия – Тынық Мұхиты аймақтық комитеттерінің жұмыстарына, сонымен қатар ДСЖХҚ деректер қоры және зерттеулер жүргізу бойынша комитетінің, сонымен қатар үнемі әрекет ететін түрлі комитеттер мен жұмыс топтарының: зерттеулер және басқару бойынша комитеттің, ислам депозиттерін сақтандыру бойынша жұмыс тобының, сондай-ақ ДСЖХҚ зерттеулер мен басқару бойынша үнемі әрекет ететін комитетінің түрлі ішкі комитеттерінің жұмыстарына қатысты.

Қордың ДСЖХҚ қатысу аясында жүзеге асырылатын әдіснамалық жұмысқа тоқталсақ, Қор келесі құжаттардың жобаларын қарастырды:

ДСЖХҚ зерттеу және басқару бойынша комитетінің ислам депозиттеріне кепілдік беру бойынша жұмыс тобы дайындаған «Ислам депозиттеріне кепілдік берудің тиімді жүйелері үшін ДСЖХҚ негізге алатын қағидалары», «Ислам депозиттеріне кепілдік беру жүйесін Шарифат бойынша басқару»;

- ДСЖХҚ зерттеу және басқару бойынша комитеті дайындаған «Депозиттерге кепілдік беру және міндеттемелерді капиталға айналдыру: талқылауға арналған мәселелер мен сұрақтар» аналитикалық есебі;
- ДСЖХҚ Азия – Тынық Мұхиты аймақтық комитеті үшін стратегиялық басымдылықтар және әрекет ету жоспары бойынша комитеттің жоспары;
- ДСЖХҚ зерттеу және басқару бойынша комитеті дайындаған «Депозиттерге кепілдік беру қорының мақсатты мөлшері»;
- ДСЖХҚ дерекқоры және сауалнама жүргізу бойынша ДСЖХҚ комитеті дайындаған ДСЖХҚ глоссарийін жаңарту және өзекті ету бойынша ережелер;
- ДСЖХҚ депозиттерді сақтандыру ұйымының арнайы резервінің мақсатты мөлшерін белгілеу бойынша ДСЖХҚ ішкі комитетінің зерттеу құжаты;
- ДСЖХҚ Р&А операциясын жүргізу бойынша ДСЖХҚ ішкі комитетінің зерттеу құжаты;
- ДСЖХҚ проблемалық банктердің міндеттемелерін қайта құрылымдауды жүргізу бойынша және

оның депозиттеріне кепілдік беру және қаржыландыру жүйесіне ықпалы бойынша ДСЖХҚ ішкі комитетінің зерттеу құжаты.

Бұдан басқа, Қор тиісті сұраныс жібергендерге жауап әзірлеп, жіберді:

- ДСЖХҚ 2016 жылғы жылдық сауалнама – 2016 жылғы 01 қаңтардағы жағдайға берілген депозиттерге кепілдік беру жүйелері бойынша кешендік зерттеу жүргізу;
- Түркияның кепілдік беру қорының ұйым қызметінің ДСЖХҚ негізін қалаушы қағидаларына сәйкестілік деңгейін бағалау нәтижелері туралы сауалнамасы;
- Канада депозиттерін сақтандыру корпорациясының депозиттерді сақтандыруды ұйымдастырудың заңнама талаптарына және басқа да стандарттарға сәйкестігін анықтау бойынша сауалнамасы;
- ішкі комитеттің ДСЖХҚ зерттеулер және басқару бойынша комитетінің Р&А операциясын жүргізу бойынша сауалнамасы;
- Италия депозиттеріне кепілдік беру қорының проблемалық банктерге мемлекеттік көмек ұсыну ережелері бойынша сауалнамасы;
- Вьетнам депозиттерді сақтандыру Ұйымының Қордың ақпараттық-түсіндірмелік қызметі бойынша сауалнамасы.

Қор ДСЖХҚ Азия – Тынық Мұхиты аймақтық комитетіне мүшелікке ену аясында Қордың атқарған жұмысы туралы есептер тоқсан сайын дайындалады.

Бұдан басқа, Қор өз бетінше ДСЖХҚ барлық мүшелерінің арасында келесі тиісті салаларда озық халықаралық тәжірибемен танысып, үйрену мақсатында бірнеше сауал жүргізуді өз қолына алды:

1. түрлі елдерде депозиттерді сақтандыруды ұйымдастырудың арнайы қорының мақсатты мөлшерін орнату практикасы бойынша,
2. депозиттерді сақтандыруды ұйымдастырудың міндетті салымдарының сараланған мөлшерлеме жүйесі аясында жүйе құрушы банктерге ерекше көзқараспен қарау. Берілген сауалнамалардың нәтижелері бір құжатқа біріктіріліп, Қор Төрағасына аналитикалық қызметтік жазба түрінде ұсынылды.

2016 жылға арналған біріккен экономикалық зерттеулер бағдарламасы бойынша техникалық қолдау көрсетуде Дүниежүзілік Банк Қазақстан Республикасының депозиттерге кепілдік беру жүйесінің депозиттерді сақтандырудың тиімді жүйелеріне арналған ДСЖХҚ негізін қалаушы қағидаларына сәйкестігіне кешендік тәуелсіз бағалау жүргізілді. Аталған бағалау деректерінің нәтижесіне сәйкес

Қор ДСЖХҚ негізін қалаушы қағидаларының көптеген критерийлерінің «толықтай немесе негізінде» сәйкес келетіндігі анықталды.

Қазақстан Республикасының депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесін одан әрі жетілдіруге арналған Дүниежүзілік Банктің ұсыныстарын жүзеге асыру үшін, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Төрағасының 2016 жылғы 03 қазандағы №397 бұйрығымен екінші деңгейдегі банктерді сауықтандыру, реттеу және тарату шараларын жетілдіру мәселелерімен құрамына Қор кіретін, біріккен жұмыс тобы құрылды.

Қор қызметінің ДСЖХҚ негізін қалаушы қағидаларына сәйкестік деңгейін арттыру мақсатында, Қор тәуелсіз бағалау нәтижелері бойынша анықталған кемшіліктерді жою үшін, іс-шаралар жоспарын құрды.

Бұдан басқа, Дүниежүзілік Банк өкілдері депозиттерді сақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметтің ең үздік халықаралық тәжірибе материалдарын Қорға ұсынды, Қор қызметкерлеріне арналған, соның ішінде Қазақстан Республикасының депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінде қолданылатын Қордың ұйымдастыру құрылымын жетілдіру бойынша, проблемалық банктерді сауықтандыру әдістері мен құралдары, сонымен қатар оларды тарату рәсімдері бойынша оқу семинарларын өткізді.

2015 жылдың қазан айында өткен ДСЖХҚ Жалпы жылдық жиналысында ДСЖХҚ Таңдаулы комитеті Қорға есепті жылда «Салымшыларға кеп-

ілдік берілген өтемді төлеу және проблемалық банктердің дәрменсіздігін реттеу саласындағы жетістіктері үшін» номинациясы бойынша «2015 жылдың депозиттерді сақтандыру ұйымы» деген беделді халықаралық марапаттын берді. «Депозиттерді сақтандыру ұйымы» ДСЖХҚ халықаралық марапатының ұсынудың қолданыстағы ережелеріне сәйкес, Қор өкілі «2016 жылдың депозиттерді сақтандыру ұйымы» сыйлығын беру үшін Таңдаулы комитеттің мүшесі болды. Депозиттерді сақтандыру ұйымдары-үміткерлер берген сұраныстар негізінде сыйлық берудің төрт түрлі номинациялары бойынша бағалау, балл беру және жүлдегерлерді таңдау үрдісіне қатысты.

Есепті жылдың соңында Қор ДСЖХҚ (SPAC) Азия – Тынық Мұхиты аймақтық комитетінің стратегиялық басымдықтар және әрекет ету жоспары бойынша арнайы бастамашылық комитетінің құрамына енді. 2016 жылғы желтоқсанда Қор өкілдері аталған комитет мүшелерінің бірінші телеконференциясына қатысып, комитеттің алдағы кезеңдерге берілген жоспарларына түсініктемелер беріп, ескертулерін де айтып өтті.

Шетелдік депозиттерді сақтандыру ұйымдарымен өзара ынтымақтастықта бола отырып, Қор өкілдері 2016 жылғы желтоқсан айында Швейцарияның депозиттерді сақтандыру ұйымының (esisuisse) сұрауы негізінде олардың телефондық жедел желі тиімділігін тестілеуге қатысты, сондай-ақ, Швейцарияның депозиттерді сақтандыру ұйымының өкілдеріне жүргізілген тестілеу нәтижелері бойынша арнайы онлайн-сауалнаманы қарау үшін жіберді.

Тәуелсіз аудиторлар есебі

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Акционеріне және Басшылығына

Пікір

Біз қоса берілген 2016 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдай туралы есебін және 2016 жыл іші пайда мен шығын және өзге жиынтық кіріс туралы, капиталдағы өзгерістер туралы және ақша қаражатының қозғалысы туралы тиісті есептерін, сондай-ақ есеп саясатының негізгі қағидаттары мен басқа да түсіндірме ақпаратты қамтитын «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ның (бұдан әрі «Қор») қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Пікір білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Бұл стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз есебіміздің «Қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде көрсетілген. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары бойынша кеңестің Кәсіби бухгалтерлердің Әдеп кодексіне сәйкес («Кодекс») және Қазақстан Республика-

Біздің пікірімізше, қоса берілген қаржылық есептілік Қордың 2016 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайын, сондай-ақ 2016 жыл іші оның қызметінің қаржылық нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес барлық елеулі аспектілерде шынайы көрсетеді.

сында қаржылық есептіліктің аудитіне қолданылатын әдеп талаптарына сәйкес Қорға қатысты тәуелсізбіз. Сонымен қатар, біз осы талаптармен және Кодекспен белгіленген өзге де әдеп міндеттемелерін орындадық. Біздің ойымызша, біз пікір білдіру үшін жеткілікті әрі тиісті аудиторлық дәлелдеме алдық.

Қаржылық есептілік үшін басшылық және корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар жауапкершілігі

Қор басшылығы қаржылық есептілікті дайындауға және оның ХҚЕС сәйкес шынайы ұсынылуына, сонымен қатар басшылықтың пікірінше алаяқтық немесе қателесуден болатын айтарлықтай бұрмалаушылықтары болмайтын қаржылық есептілікті дайындауға қажет болатын ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Қаржылық есептілікті дайындау барысында басшылық Қордың үздіксіз қызметті жалғастыру қабілетін бағалауға, қызмет үздіксіздігіне байла-

нысты деректерді тиісті жағдайларда ашып көрсетуге және қызмет үздіксіздігі жорамалы негізінде, алайда басшылық Қорды таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеттенген жағдайларды, немесе басшылықтың Қорды таратуға немесе қызметін тоқтатуға баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда есептілікті дайындауға жауапты.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар Қордың қаржылық есептілігін дайындауын бақылауға жауапты.

Қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлар жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаушылықтардың жоқтығына орынды сенімділік алу және біздің пікірімізді қосатын аудиторлық есеп шығару болып табылады. Орынды сенімділік – сенімділіктің жоғары дәрежесі, бірақ ол ХАС сәйкес жүргізілген аудит барысында мүмкін елеулі бұрмалаушылықтардың анықталуына кепілдік бермейді. Бұрмалаушылықтар ықылассыз әрекеттердің немесе қателесудің нәтижесі болуы мүмкін және егер олардың қаржылық есептілік негізінде қабылданатын қолданушылардың экономикалық шешімдеріне жекеше немесе бірлесіп әсер ете алатыны негізді түрде болжанса, елеулі болып есептеледі.

ХАС сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдау қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби күмәншілдік сақтаймыз. Сонымен қатар, біз:

- ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрамалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіру үшін жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдерді аламыз. Ықылассыз әрекеттер салдарынан елеулі бұрмаланудың табылмау тәуекелі қателесу салдарынан болатын елеулі бұрмаланудың табылмау тәуекелінен жоғары, себебі ықылассыз әрекеттерге сөз байласу, жалғандық, әдейі қалдырып кету, ақпаратты бұрмалап ұсыну немесе қолданыстағы ішкі бақылау жүйесін айналып өту арқылы әрекеттер жасау кіруі мүмкін;
- жағдайларға сәйкес аудиторлық рәсімдер әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызды ішкі бақылауларды зерделейміз, бірақ Қордың ішкі бақылау

жүйесінің тиімділігі жайында пікір білдіру мақсатында емес;

- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін, сондай-ақ басшылық дайындаған ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;
- басшылықтың қызмет үздіксіздігі туралы жорамалды қолдануының заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде – Қордың үздіксіз қызмет жалғастыра алатынына елеулі күдік тудырта алатын оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздіктің бар немесе жоқ екендігі жайлы тұжырым жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екені туралы тұжырымға келсек, біз аудиторлық есебімізде қаржылық есептіліктегі тиісті ақпарат ашуға назар аудартуымыз керек, немесе ақпарат тиісті түрде ашылмаған болса, пікірімізді модификациялаймыз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық есептің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделеді. Алайда, келешек оқиғалар немесе жағдайлар Қордың үздіксіз қызметті жалғастыру қабілеттігінен айырылуына әкелуі мүмкін;
- қаржылық есептіліктің жалпы ұсынылуын, оның құрылымын және мазмұнын, соның ішінде ақпараттың ашылуын, сондай-ақ оның негізі болатын операциялар мен оқиғалардың шынайы көрсетілуінің қамтамасыз етілуін бағалаймыз.

Біз корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғаларды аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері жайлы, сонымен қатар аудит барысында анықталған елеулі мәселелер жайлы, соның ішінде ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы хабардар етеміз.

Роман Саттаров

Қазақстан Республикасының
білікті аудитору
2013 жылғы 31 мамырдағы
№МФ-0000149
аудитордың біліктілік куәлігі

Нұрлан Бекенов

«Делойт» ЖШС
Бас директоры

«Делойт» ЖШС

Қазақстан Республикасында аудиторлық қызметпен айналысуға берілген мемлекеттік лицензия нөмірі 0000015, сериясы МФЮ-2, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 2006 жылғы 13 қыркүйекте берілген

2017 жыл 28 ақпан
Алматы қ., Қазақстан

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП**2016 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ**

(Қазақстандық мың теңгеде)

	Ескер.	2016 жылғы 31 желтоқсан	2015 жылғы 31 желтоқсан
АКТИВТЕР:			
Ақша қаражаты мен оның баламалары	5, 17	64,459,519	79,576,372
Сатуға арналған қолданыстағы бағалы қағаздар	6, 17	514,593,725	441,760,269
Дебиторлық берешек	7, 17	3,638,133	2,013,221
Өзге активтер	8, 17	959,934	812,766
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ		583,651,311	524,162,628
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ:			
МІНДЕТТЕМЕЛЕР:			
Өзге міндеттемелер	9, 17	614,843	1,080,881
Міндеттемелер жиыны		614,843	1,080,881
КАПИТАЛ:			
Жарғылық капитал	10	214,358,600	194,871,600
Сатуға арналған қолданыстағы бағалы қағаздарды қайта бағалау бойынша тапшылық		(44,067,323)	(19,511,201)
Резервтік капитал		1,948,716	1,771,560
Арнайы өтеу резерві	19	395,247,203	270,056,516
Бөлінбеген пайда		15,549,272	75,893,272
Капитал жиыны		583,036,468	523,081,747
МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		583,651,311	524,162,628

Қор басшылығы атынан 2017 ж. 28 ақпан

Қоғылов Б.Б.

Қор төрағасы

Амирбекова Э.М.

Бас бухгалтердің м.а.

ПАЙДА МЕН ШЫҒЫНДАР ЖӘНЕ ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП**2016 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ**

(Қазақстандық мың теңгеде)

	Ескер.	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Пайыздық кірістер	11, 17	33,532,694	21,800,421
Қатысушы банктердің жарналарынан кіріс және тарату комиссиясынан түсімдер	12	36,088,893	29,445,727
Таратылған банктердің депозиторларына өтеу бойынша шығыстар	12	(14,322)	(4,265,470)
Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза (шығын)/пайда	13	(2,810,391)	65,386,307
Өзге кірістер/(шығыстар)		9	(79,339)
ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ ЕМЕС КІРІСТЕР		33,264,189	90,487,225
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫСТАР	14, 17	(593,824)	(576,483)
САЛЫҚ САЛҒАНҒА ДЕЙІНГІ ПАЙДА		66,203,059	111,711,163
Табыс салығы бойынша шығыс	15, 17	(1,179,216)	(137,634)
ТАЗА ПАЙДА		65,023,843	111,573,529
Қатысушы банктердің жарналарынан таза кірісті және тарату комиссиясынан түсімдерді арнайы өтеу резервіне міндетті үлестіру		(36,074,571)	(25,180,257)
МІНДЕТТІ ҮЛЕСТІРУДЕН KEЙІНГІ ТАЗА ПАЙДА		28,949,272	86,393,272
ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС/(ШЫҒЫН)			
Кейіннен пайда немесе шығындар құрамында қайта жіктелуі мүмкін баптар: Сатуға арналған қолданыстағы бағалы қағаздардың әділ құнын қайта бағалау бойынша таза шығын, салықты шегергенде – нөл теңге		(24,556,122)	(20,769,373)
ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ ШЫҒЫН		(24,556,122)	(20,769,373)
ЖИЫНТЫҚ КІРІС ЖИЫНЫ		4,393,150	65,623,899

Қор басшылығы атынан 2017 ж. 28 ақпан

Қоғылов Б.Б.

Қор төрағасы

Амирбекова Э.М.

Бас бухгалтердің м.а.

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

2016 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ

(Қазақстандық мың теңгеде)

	Ескер.	Жарғылық капитал	Сатуға арналған бағалы қағаздарды қайта бағалау бойынша тапшылық	Резервтік капитал	Арнайы өтеу резерві	Бөлінбеген пайда	Жиыны
2014 жылғы 31 желтоқсан		177,156,000	1,258,172	1,610,510	215,394,855	19,142,454	414,561,991
Міндетті үлестіруден кейінгі таза пайда		-	-	-	-	86,393,272	86,393,272
Өзге жиынтық шығын		-	(20,769,373)	-	-	-	(20,769,373)
Жай акцияларды шығару	10	17,715,600	-	-	-	-	17,715,600
Резервтік капиталға көшіру		-	-	161,050	-	(161,050)	-
Арнайы өтеу резервін құру		-	-	-	29,481,404	(29,481,404)	-
Қатысушы банк-тердің жарна-ларынан түскен таза кірісті міндетті үлестіру	12	-	-	-	29,445,727	-	29,445,727
«Валют-Транзит Банк» АҚ салымшыларына төлемдер	12	-	-	-	(4,265,470)	-	(4,265,470)
2015 жылғы 31 желтоқсан		194,871,600	(19,511,201)	1,771,560	270,056,516	75,893,272	523,081,747
Міндетті үлестіруден кейінгі таза пайда		-	-	-	-	28,949,272	28,949,272
Өзге жиынтық шығын		-	(24,556,122)	-	-	-	(24,556,122)
Жай акцияларды шығару	10	19,487,000	-	-	-	-	19,487,000
Резервтік капиталға көшіру		-	-	177,156	-	(177,156)	-
Арнайы өтеу резервін құру		-	-	-	89,116,116	(89,116,116)	-
Қатысушы банк-тердің жарна-ларынан түскен таза кірісті міндетті үлестіру	12	-	-	-	36,088,893	-	36,088,893
«Валют-Транзит Банк» АҚ салымшыларына төлемдер	12	-	-	-	(14,322)	-	(14,322)
2016 жылғы 31 желтоқсан		214,358,600	(44,067,323)	1,948,716	395,247,203	15,549,272	583,036,468

Қор басшылығы атынан 2017 ж. 28 ақпан

Қоғылов Б.Б.

Қор төрағасы

Амирбекова Э.М.

Бас бухгалтердің м.а.

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ

(Қазақстандық мың теңгеде)

	Ескер.	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:			
Міндетті күнтізбелік жарналардан түсім		33,610,381	28,176,449
Тарату комиссиясынан түсім	12	697,646	140,000
Орналастырылған салымдар бойынша түскен сыйақы		10,920,615	1,214,568
Сатуға арналған қолданыстағы бағалы қағаздар бойынша алынған сыйақы		20,531,272	17,970,109
«Кері РЕПО» операциялары бойынша алынған сыйақы	11	318,985	404,121
Өзге түсімдер		251,597	9,778
Жеткізушілерге тауарлар мен қымметтер үшін төлемдер		(183,699)	(157,486)
Іс-сапар шығыстары бойынша төлемдер		(8,688)	(5,887)
Жалақы бойынша төлемдер		(287,390)	(280,652)
Өзге салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер		(103,617)	(93,745)
Таратылатын банктің депозиттері бойынша өтеу		(14,322)	(3,656,717)
Өзге төлемдер		(6,457)	(614,684)
Операциялық қызметтен таза ақша қаражатының келуі		65,726,323	43,105,854
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:			
Сатуға арналған қолданыстағы бағалы қағаздарды өтеуден түсімдер		294,151,950	100,498,466
Сатуға арналған қолданыстағы бағалы қағаздарды сатып алу		(394,463,458)	(88,670,143)
Негізгі құралдарды сатып алу		(13,176)	(23,434)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(5,492)	(2,575)
Инвестициялық қызметтен ақша қаражатының таза (кетуі)/келуі		(100,330,176)	11,802,314
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:			
Жай акцияларды шығару	10	19,487,000	17,715,600
Қаржылық қызметтен ақша қаражатының таза келуі		19,487,000	17,715,600
АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫНЫҢ ТАЗА (КЕМУІ)/АРТУЫ			
Шетел валютасы бағамының өзгеруінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері		-	1,077,079
АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жыл басында	5	79,576,372	5,875,525
АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жыл соңында	5	64,459,519	79,576,372

Қор басшылығы атынан 2017 ж. 28 ақпан

Қоғылов Б.Б.

Қор төрағасы

Амирбекова Э.М.

Бас бухгалтердің м.а.